



ДАЛА ӨРКЕНИЕТІНІҢ
ҮЛГІСІ

2

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №45 (6723) 22 мамыр, жұма, 2026 жыл. | www.aqshamnews.kz

12+

МӘДЕНИЕТ МАЙТАЛМАНДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

21 мамыр – Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай Мемлекет басшысының Жарлығымен мәдениет саласындағы аса үздік жетістіктері және Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша еңбегі үшін бір топ азаматқа мемлекеттік награда табысталды.

Алматы қаласында да мәдениет және өнер саласы өкілдерін марапаттау рәсімі өтті. Мәдени саланың өкілдеріне мемлекеттік және ведомстволық марапаттар, ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің Құрмет грамоталары, сондай-ақ қала басшысы Дархан Сатыбалдының атынан Алғыс хаттар табысталды.

Салтанатты жиында Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенұлы мәдениет саласы қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтап, марапаттарды табыстады. Ол сөзінде мәдениет пен өнер саласының қоғамның рухани дамуына зор үлес қосып келе жатқанын атап өтті.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

6

БӘРЕКЕЛДІ!

ШАТТЫҚ ШАҢЫРАҒЫ

Наурызбай ауданында тағы бір балабақша салынды



Алматы қаласы Наурызбай ауданында заманауи үлгідегі жаңа балабақшаның құрылысы аяқталды. Бір жылға созылған құрылыс жұмыстарының нәтижесінде бой көтерген мектепке дейінгі жаңа ұйым 240 балаға шақталып салынған және жақын арада ел игілігіне берілмек. Екі қабатты заманауи ғимаратта 10 топ жұмыс істейтін болады. Жаңа әлеуметтік нысанның ашылуы аудандағы балабақша кезегін азайтып қана қоймай, 40-тан астам маманды тұрақты жұмыспен қамтиды. Олардың қатарында білікті тәрбиешілер мен бала күтушілерінен бөлек, арнайы бейіндік ұстаздар мен техникалық қызметкерлер бар.

4

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



www.aqshamnews.kz



9 772223 237006

САРАПТАМА

ДАЛА ӨРКЕНИЕТІНІҢ ҮЛГІСІ

Әділдік, ашықтық және мәдениеттер диалогы

19 мамырда Астанада «Алтын Орда – дала өркениетінің үлгісі: тарих, археология, мәдениет, бірегейлік» атты халықаралық симпозиумы өтті. Жиынның ашылу салтанатында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сөз сөйледі. Президент өз сөзінде Алтын Орда тарихын пайымдау перспективасын кеңейтуге көмектесетін бірқатар ғылыми ізденіске байланысты өз ойымен бөлісті.

Сондай-ақ, симпозиумда ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар орталығының директоры Лазар Элунду Ассомо, Қырғыз Республикасының Мемлекеттік хатшысы Арслан Койчиев, Татарстан Республикасының Мәдениет министрі Ирада Аюпова, «La France s'engage» қорының президенті Одрэ Азуле, Моңғолия Ғылым академиясының президенті Дэмбэрэл Содносамбуу, Өзбекстан Ғылым академиясының президенті Шавкат Аюпов сөз сөйледі.

Сарайшықтың саф асыл мұрасы

Астанада өткен іс-шараға әлемнің 20-дан астам елінен делегация қатысты. Олардың қатарында тарихшы-медиевистер, археологтар, шығыстанушылар, түркітанушылар, моңғолтанушылар, нумизматтар, эпиграфика мамандары, саясаттанушылар, мәдениеттанушылар, өнертанушылар, дипломаттар және халықаралық ұйымдардың өкілдері бар.

Симпозиумның ашылу салтанатында сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алтын Ордаға қатысты ғылыми тұрғыда мойындалған екі тарихи деректі атап өтті. Айталық, Алтын Орда – Еуразияның ұлан-ғайыр аумағын еркін жайлап, Ұлы дала төсінде билік құрған қуатты империя. Екіншіден, Алтын Орда Батыс пен Шығысты жалғап, түрлі өркениеттердің дамуына, мемлекеттердің қалыптасуына ерекше ықпал еткен аса ірі саяси құрылым болды.

Сондай-ақ, алдағы ғалымдардың ғылыми жұмыстарына негіз болатын Алтын Орда тарихына қатысты бірнеше тақырыптарды ұсынды. Олар Алтын Орданың зияткерлік мұрасы, мемлекеттік басқару жүйесі мен экономикалық құрылымы. Президент Ұлы даланың идеяларды ұсынған әлемдік орталықтардың біріне айналғанын баса айтты. Зияткерлік мұраға үлес қосқан тарихи тұлғалардың қатарына Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» атымен



мәлім әлемдік философияның негізін қалаушылардың бірі – Әбу Насыр әл-Фарабиді, жалпыға ортақ мұсылман құндылықтары мен жергілікті рухани дәстүрлерді үйлестірген «түркілік исламның» бастауында тұрған Қожа Ахмет Ясауиді атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Алтын Орданың мемлекеттік басқару жүйесіне де ерекше тоқталды. Мәселен, Дала заңы мен ислам құқығының үйлесімді жүйесі қалыптасқанын, «Ұлы жасақ» империяда заң үстемдігін қамтамасыз еткенін, өзіне тән озық іс жүргізу жүйесінің болғанын, Құрылтай институты арқылы парламентаризм үлгісін негіздегенін, әскери және мемлекеттік аппаратта темірдей тәртіпке, мінсіз қызмет пен меритократия қағидасына ерекше назар аударылғанын атап өтті. Бұған қоса сыртқы саясатта Алтын Орда Мысыр мәмлүктерімен, Ватиканмен, Византиямен, Осман империясымен және Еуропа елдерімен тығыз дипломатиялық байланыс орнатқанына да айрықша мән берді.

Президент өз сөзінде Алтын Орданың экономикалық құрылымына да назар аударды. Сол кезеңде қалыптасқан экономикалық жүйенің басты элементі ретінде атқа міну мәдениетін, тұрақты ақша және салық жүйесі болғанын, сондай-ақ ашық сауда-саттыққа мән берілгенін атап өтті.

Астанадағы маңызды алаң

Қатардағы азаматтарымыз осындай халықаралық симпозиумды өткізудің мәні не деген сұрақ қоюы мүмкін. Біз мұның бірнеше себебін атап өтейік. Ең

алдымен, елімізге біртұтас идеологияны құрайтын тарихи негіз бен сана қажет болды. Біз ұзақ уақыт бойы тарихымызды жүйелі түрде түгендей алмадық. Қазақ хандығымен, ғұндармен байланыстыру әрекеттері сәтсіз аяқталды. Бірақ қазақ хандығына дейін де бізде мемлекеттік пен тарих болды. Сондықтан Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың отырысында Алтын Орданы ғылыми тұрғыда зерттеу бастамасын көтерді. Астанада өткен халықаралық симпозиум осы бастаманың логикалық жалғасы.

Екіншіден, Астана тарихты саясиландырудан бас тарту саясатын ұстануда. Мұндай халықаралық ғылыми симпозиумдар саясаткерлерге емес, ғалымдарға бағытталған. Яғни тарихты ғалымдар зерттеуі тиіс. Осылайша Мемлекет басшысы ақпараттық кеңістіктегі псевдоғылыми дискуссияны ғылыми арнаға бұруды жүзеге асыруда.

Үшіншіден, симпозиумның халықаралық сипаты тарихты тек өз ғалымдарымызбен емес, әлем елдерінің ғалымдарымен бірлесе зерттеуге әрекет жасалғанын көрсетеді. Бұл біржақтама пікірді азайтуға бағытталған. Іс-шараға ЮНЕСКО өкілдерінің келуі жиынға халықаралық сипат берді.

Осылайша Қазақстан қазіргідей геосаяси тұрақсыздық заманында ғылымды және тарихты саясиландырмау стратегиясын ұстанып, халықаралық деңгейде Алтын Орданың мұрасын зерттеуге бүкіл әлемнің ғалымдарын шақыруда.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

ЗИЯЛЫНЫҢ СӨЗІ

Зиябек ҚАБЫЛДИНОВ,
ғалым, т.ғ.д., профессор,
Ш.Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология
институтының Бас директоры:

ТӨЛ ТАРИХЫМЫЗ
ТҮГЕНДЕЛДІ

Симпозиумда Мемлекет басшысы мазмұнды баяндама жасап, тарихымызды түгендеуге бағытталған бірқатар өзекті мәселеге тоқталды. Атап айтсақ, қазіргі жаһандық өзгерістер жағдайында тарих ғылымының ерекше стратегиялық маңызға ие екенін және тарих – тек өткенді тану құралы емес, халықтарды жақындастыратын, өркениеттер арасындағы өзара сенім мен ынтымақтастықты нығайтатын маңызды рухани әрі гуманитарлық күш екенін атады. Президенттің айтуынша, тарихи үдерістерге саяси мүдде тұрғысынан емес, ғылыми объективтілік пен әділеттілік қағидалары негізінде баға беру – кәсіби тарихшылардың басты міндеті.

Сонымен қатар, Қазақстанда көшпелі өркениет пен Дала тарихына қатысты бұрыннан қалыптасқан отаршылдық көзқарастарды қайта қарау үдерісі басталғанына да тоқталды. Бұл бағыт ұлттық тарихи сананы жаңғыртуға, қазақ даласының әлемдік өркениет тарихындағы орнын айқындауға және Алтын Орда секілді ірі мемлекеттік құрылымдардың тарихи мұрасын жаңаша пайымдауға жол ашады.

Алтын Орда мұрасын ұлттық шеңберде ғана емес, тұтас Еуразиялық өркениет аясында зерттеу қажет. Сондықтан Президентіміздің дала өркениетін зерттейтін арнайы орталық құру, халықаралық ғалымдарды жұмылдыру және бірлескен ғылыми жобаларды жүзеге асыру жөніндегі бастамалары Қазақстанның тарихи-гуманитарлық кеңістіктегі рөлін күшейтуге бағытталған стратегиялық қадам екенін айта кеткен жөн.

Жалпы, тарихи мұраны сақтау мен оны қазіргі заманғы ғылым, білім және инновациялық технологиялармен ұштастыру – ел дамуының маңызды алғышарттарының бірі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан тарихының академиялық көптомдығын дайындауға тапсырма беруі де жоғарыда атап өткеніміздей ерекше маңызға ие. Еліміздің озық ғылыми институттарының бірлесуімен Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қаринның жетекшілігімен дайындалып жатқан «Қазақстан тарихы: ежелгі дәуірден бүгінге дейін» академиялық 7 томдық толық аяқталуға жақын қалды.

Бұл көптомдық академиялық басылым – төл тарихымызды түгендеуге, тарихи сананы қалыптастыруға бағытталған 300-ден астам белгілі тарихшы ғалымдарды жұмылдыру арқылы жүзеге асырылып жатқан маңызды жұмыстардың бірі. Академиялық 7 томдық еңбекті бірнеше тілде басып шығару жоспарлануда.

Әзірлеген Дана САДЫРҚАН

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мейірбол МУТАЛИЕВ,
Абай атындағы ҚазҰПУ,
PhD оқытушысы:

Тарихқа жаңа көзқарас
ұсынылған алаң

Астанада өткен халықаралық «Алтын Орда» симпозиумы қазіргі Қазақстан тарихнамасындағы Алтын Орда мұрасын жаңаша пайымдау бағытындағы маңызды ғылыми алаңдардың бірі болды. Симпозиум барысында Алтын Орданың тарихи, саяси, мәдени және өркениеттік рөліне қатысты бірқатар өзекті мәселелер талқыланып, оның Еуразия кеңістігінің дамуындағы орнына жаңа ғылыми көзқарастар ұсынылды.

Ғылыми жиын барысында зерттеушілер Алтын Орданы тек әскери-саяси үстемдікке негізделген моңғол мемлекеті ретінде емес, Еуразия кеңістігіндегі әртүрлі этностар мен

мәдениеттерді біріктірген көпэтносты әрі көпмәдениетті империя ретінде қарастыру қажеттігін атап өтті. Бұл тұрғыда Алтын Орда халықаралық сауда жолдарын бақылаған, дипломатиялық байланыстар жүйесін қалыптастырған және Шығыс пен Батыс арасындағы мәдени ықпалдастыққа ықпал еткен ірі тарихи құрылым ретінде сипатталды. Әсіресе, Қара теңіз аймағы, Дешті Қыпшақ кеңістігі және ислам әлемімен байланыстар Алтын Орданың әлемдік тарихтағы маңызын айқындайтын факторлар ретінде қарастырылды.

Жалпы алғанда, аталған симпозиум Қазақстанда соңғы жылдары жүргізіліп келе жатқан тарихи сананы жаңғырту саясатының жалғасы ретінде көрініс тапты. Бұған дейін Жошы Ұлысының 750 жылдығының аталып өтуі, Жошы хан кесенесінің жаңғыртылуы және Жошы Ұлысын зерттеу институтының ашылуы секілді жобалар жүзеге асырылған болатын. Осындай ғылыми және мәдени бастамалардың нәтижесінде қазіргі Қазақстан тарихнамасында Алтын Орда қазақ мемлекеттілігінің маңызды тарихи негізі, Ұлы Дала өркениетінің айқын символы және түркі халықтарына ортақ тарихи мұра ретінде қарастырыла бастады.





Шаһарда Ақсақалдар кеңесі Алматы қаласының әкімдігімен және Алматы ауданы прокуратура-сымен бірлесіп, С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің студенттерімен «Заң және тәртіп. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық моделі» тақырыбында кездесу өткізді. Іс-шараның мақсаты – жастардың құқықтық сауатын арттыру, заңға құрмет пен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру.

Құқығыңды біл – болашағыңды қорға!



Суретті түсірген С. СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Дана САДЫРҚАН

Алматы қаласы әкімінің кеңесшісі, Әдеп жөніндегі уәкілі Мамай Ахетов өз сөзінде мемлекеттіліктің басты тірегі – заң мен тәртіп екенін атап өтті.

– Жер шарында миллиардтаған халық өмір сүреді. Соның 200-ге жуығы ғана өз мемлекетін қалыптастырған. Сондықтан Тәуелсіз Қазақстанды сақтау мен дамыту – баршамыздың ортақ міндетіміз. Бізді дараландыратын төл тарихымыз, мемлекеттік жүйеміз, білім беру саламыз бар. Осындай құндылықтарды сақтап қалу үшін заң мен тәртіп қағидатын берік ұстанып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруымыз қажет. Жасанды интеллект пен ғылымды дамыту үшін ең

алдымен тұрақты мемлекет пен әділетті қоғам керек, – деді ол.

Спикер мегаполистегі мемлекеттік басқару жүйесінің жұмысына тоқталып, Алматы қаласында 8 аудан әкімдігі мен 25 басқарма қызмет ететінін, бұл құрылымдарда 1285 маман жұмыс істеп жатқанын айтты.

«Қазақстан ұйғырларының респуб-

ликалық этномәдени орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Долкунтай Әлиев жастар тәрбиесінің маңыздылығына ерекше тоқталды.

– Болашақ – білімді, елін сүйетін, заңға бағынатын жастардың қолында. Әр азамат бейбітшілік пен тәуелсіздіктің қадірін түсініп, заң алдындағы жауапкершілікті терең сезінуі керек, – деді ол.

Жасөспірімге де жауапкершілік бар



Досбол АТАЖАН

«Заң мен тәртіп» қағидатын іске асыру жұмыстары аясында Алматы ауданының прокуратурасы жастар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыруға, құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған кездесу өткізді.

№216 мектепте өткен іс-шараға Алматы қаласы Алматы ауданының прокуроры Әділет Сыздықов, Полиция департаменті қоғамдық қауіпсіздік бөлімінің бастығы Сағидолла Сиаханов және Париж Олимпиадасының күміс жүлдегері Демеу Жадыраев қатысты.

Кездесу барысында кәмелетке толмағандардың жауапкершілігі, буллинг, интернет-алаяқтық,

есірткі қылмыстары және жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелері талқыланды.

Әділет Сыздықов жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастырудың маңызын атап өтіп, «Жастардың құқықтық санасын қалыптастыру – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі екенін атап өтті.

Ал полиция өкілі Сағидолла Сиаханов заң бұзушылықтың алдын алу әр жасөспірімнің өз жауапкершілігінен басталатынын, әрбір жас өз әрекетіне жауапкершілікпен қарауы тиіс екенін жеткізді.

Олимпиада жүлдегері Демеу Жадыраев тәртіп пен еңбектің маңызына тоқталды. Ол жастарға тәртіп пен еңбексіз үлкен жетістікке жету мүмкін болмайтынын түсіндірді. Жиын барысында құқық қорғау органдары заң бұзушылықтар үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік қарастырылғанын ескертті.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Тегін кеңес берілді

Қалада құқықтық сауатты арттыру бағытын қаладағы жұмыстар қарқын алып келеді. Алматылықтарға тұрғын үй даулары, еңбек заңнамасы және өзге де құқықтық мәселелер бойынша тегін заңгерлік кеңестер берілуде.



Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ

Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының қолдауымен Бостандық ауданындағы сауда-ойын-сауық орталықтарының бірінде «Заң мен тәртіп» идеологиясын насихаттау аясында «Заң мен әділдік – елдің іргетасы» атты құқықтық акция өтті.

Жобаның мақсаты – халықтың құқықтық сауаттылығын арттырып, кәсіби заң көмегін тұрғындарға қолжетімді ету. Акция барысында алматылықтар адвокаттардан, нотариустардан, заңгерлерден, құқық қорғау органдарының өкілдерінен, сондай-ақ мемлекеттік және жергілікті атқарушы орган мамандарынан тегін кеңес алды. Тұрғындарды тұрғын үй және жер даулары, еңбек заңнамасы, алимент өндіру секілді түрлі құқықтық мәселелер қызықтырды.

Жоба кураторы Айгерім Қадырқұлованың айтуынша, мұндай шаралар адам көп жиналатын

орындарда арнайы ұйымдастырылады.

– Біз акцияларды сауда-ойын-сауық орталықтарында өткізуді жөн көреміз. Себебі, мұнда адам ағыны көп. Кейде бір сағаттың ішінде 7–10 адам жүгінсе, кей жағдайда 100–120 адамға дейін келеді, – деді ол.

Жобаның ерекшелігі – кез келген азамат алдын ала жазылусыз әрі тегін түрде кәсіби заңгерлік кеңес ала алады. Алматы тұрғындары ұйымдастырушыларға алғыс айтып, мұндай бастамалардың маңызын ерекше атап өтті. Олардың сөзінше, мұндай акциялар халықтың құқықтық мәселелерді жақсырақ түсінуіне, мемлекеттік институттарға деген сенімнің артуына және қоғамда құқықтық мәдениеттің қалыптасуына ықпал етеді.

Айта кетейік, «Заң мен әділдік» акциясы Алматыда биыл алғаш рет жүзеге асырылып отыр. Осы уақыт ішінде жоба мыңдаған қазақстандыққа ақыл қызметке жүгінбей-ақ білікті заң көмегін алуға мүмкіндік берген.

Тәрбие мектептен басталады

№167 мектепте «Жасөспірім және заң: шекара, міндет, жауапкершілік» тақырыбында «дөңгелек үстел» өтті. Іс-шараға Алматы қалалық Адвокаттар алқасының, Алматы ауданы полиция басқармасының, Алматы ауданы ПБ ККБ ЮПБ бастығы Олжас Әбілқожаев, полиция майоры Самат Көшкімбаев, аудандық Білім бөлімінің әдіскері Аманжол Дашу қатарлы ресми тараптардың өкілдері, ұстаздар, ата-аналар мен оқушылар қатысты.



Рая ЕСКЕНДІР

Кездесу барысында кәмелетке толмағандардың жауапкершілігі, буллингтің алдын алу, әлеуметтік желідегі қауіпсіздік, кибербуллинг және жалған ақпараттан сақтану мәселелері түсіндірілді.

Мамандар оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заң талаптарын сақтау және қоғамдық тәртіпті бұзбау туралы кеңес берді.

Мектеп басшысы заңды білу мен сақтау әр азаматтың міндеті екенін атап өтіп, құқық пен жауапкершілік тепе-теңдігі туралы ой қозғанды. Оқушылар өз сұрақтарын қойып, нақты жауаптар алды.

Жиын қорытындысында мұндай кездесулер жасөспірімдердің құқықтық мәдениетін қалыптастыруға және жауапкершілігін арттыруға ықпал ететіні айтылды.

Медеу ауданы аумағында отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, азаматтардың құқықтық сауатын арттыру және отбасы құндылықтарын нығайту мақсатында 18 мамыр мен 8 маусым аралығында «Қазақстан – отбасындағы зорлық-зомбылықсыз ел» республикалық акциясы өтіп жатыр.

Алматы зорлық-зомбылыққа қарсы



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Іс-шара аясында полиция қызметкерлері тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, заң талаптарын сақтау және құқықтық көмек алу жолдары жөнінде ақпарат беруде. Сонымен қатар, өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасылар анықталып, оларға қажетті құқықтық және әлеуметтік көмек көрсетілуде.

«Отбасындағы зорлық-зомбылық – қоғамға қауіп төндіретін құқық бұзушылық. Әрбір азамат мұндай факті-

лерге бей-жай қарамай, заң аясында әрекет етуі қажет. Медеу ауданы ПБ тарапынан 2026 жылдың басынан бері 350 қорғау нұсқамасы шығарылып, 65 тұлғаға сот шешімімен ерекше талаптар белгіленді.

Аталған акцияның басты мақсаты – халық арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру, азаматтарды зорлық-зомбылық фактілеріне бей-жай қарамауға шақыру, сондай-ақ полиция тарапынан әрдайым көмек көрсетілетінін жеткізу», – дейді Медеу ауданы ПБ Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімшесінің аға инспекторы, полиция аға лейтенанты Айнұр Берікқызы.



Суретті түсірген Самат ҚУСАЙЫНОВ.

ЖАҢА ОҚУ ОРДАСЫ

Алатау ауданына қарасты «Зерделі» ықшамауданында бой көтерген жаңа мектептің құрылысы аяқталуға жақын. Білім ошағы аумағы 2,3 гектар жердің 7,4 мың шаршы метрін алып жатыр. 550 оқушыға арналған заманауи білім ордасында барлығы 22 оқу кабинеті бар.



Рая
ЕСКЕНДІР

Дәл қазір бұл мектептің құрылыс-монтаждау жұмысын қолға алған «Гунн Строй сервис» серіктестігі нысандағы соңғы жұмыстарды жүргізіп жатыр. Үш қабатты мектептің бір сыныбындағы бала саны халықаралық стандарттарға сәйкес 25 оқушыдан аспайды деп жоспарлануда. Жалпы, мектептің ішкі құрылымы заманауи

талаптарға сай. Мәселен, бірінші қабатта 229 орынды асхана, әкімшілік бөлмелер мен еңбекке баулу шеберханалары орналасса, ұлдарға арналған техникалық шеберханамен қатар, қыздарға арналған тигін және аспаздыққа баулу кабинеттері барлығы қажетті құрылғылармен жабдықталған.

Ғимараттың екінші қабатында спорт залы, 162 орынды мәжіліс залы, мультимедиа сыныбы мен жеке

даму сабақтарына арналған бөлмелер қарастырылған. Ал мектептің үшінші қабаты толықтай ғылыми-тәжірибелік бағытқа арналған. Мұнда заманауи зертханалары бар физика, химия, biological кабинеттері, 2 информатика және 2 робототехника сыныбымен қатар, 12 000 кітап қоры сиятын кітапхана мен медиатека орналасқан.

Сондай-ақ, жаңа мектептің сыртында спорт және ойын алаңдары салынып, 12,2 мың шаршы метр аумақ толықтай көгалдандырылды. Сөтін салса, Алматы мектептерінің қатарына тағы бір мектеп қосылатын күн жақын.

МЕКТЕП БІТІРУ КЕШІ мейрамханаларда тойланбайды

Алматы мектептерінде дәстүрлі «Соңғы қоңырау» 25 мамыр күні «Білім – Отаным!» тақырыбында өтетін болды. Осыған орай Өңірлік коммуникациялар орталығында БАҚ өкілдеріне арнап брифинг өтіп, Алматы қаласы Білім басқармасының орта білім бөлімінің басшысы Ақмарал Айтуарова жан-жақты айтып берді.

Спикердің жеткізгеніндей, оқу жылының аяқталуына байланысты ұйымдастырылған сынып сағаты барысында оқу жылының қорытындысы шығарылып, мектеп оқушыларының жетістіктері мен маңызды оқиғалар атап өтіледі.

Мұндағы басы ашық мәселе – тәрбие, білімге және қауіпсіздік мәселесіне назар аударылады.

Сондай-ақ, 9-сынып оқушыларына арналған бітіру емтихандары 29 мамыр мен 11 маусым аралығында, ал 11-сы-

нып түлектеріне арналған мемлекеттік емтихандар 2–15 маусым аралығында өтеді. Аттестаттарды тапсыру 18 маусымда тек қана мектеп қабырғаларында бірыңғай форматта өтетін болды.

Мектеп бітіру кешін мейрамханаларда, жалға алынған коттедждер мен демалыс базаларында өткізуге қатаң тыйым салынды. Баспасөз жиынында бұл мәселе ерекше қадап айтылды. Сондай-ақ, автокортеждерді ұйымдастыруға және ата-аналардан ақша жинауға, педагогтерге сыйлықтар жасауға да тыйым салынды.

Брифингте Алматы полициясының соңғы қоңырау мен мектеп бітіру іс-шаралары кезінде күшейтілген тәртіпке көшетіні ескертілді. Алматы қаласы Полиция департаменті Қоғамдық қауіпсіздік басқармасының бастығы Тимур Ноғайбаев рейдтік және профилактикалық іс-шаралар ауқымды деңгейде ұйымдастырылатынын жеткізді. Сонымен қатар, ата-аналар мен педагогтерді кәмілетке толмағандарды қараусыз қалдырмауға, автокортеждер ұйымдастыруға жол бермеуге және балалармен ұдайы байланыс жасауға шақырды.

Аз күнде оқушылардың жазғы демалысы басталады. Бұл ретте жазғы демалыс кезінде балалардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жалғаса беріледі.

Ата-аналардың байланыс құралдарына жадынамалар, бейнероликтер және іс-қимыл алгоритмдері жіберілетіні айтылды.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

Суретті түсірген С. СЕРІКБАЙУЛЫ.



Сурет: ұйымдастырушылардан.

Тілдердің болашағы зерделенді

Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінде белгілі тілші-ғалым, профессор Жәкен Молдажаровтың 95 жылдығына арналған республикалық «дөңгелек үстел» өтті. «Мемлекеттік тіл және әлем тілдерін оқыту: тәжірибе мен инновациялық технологиялар» атты жиында тіл оқытудағы заманауи әдістер мен ғылыми тәжірибелер талқыланды.



Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Ғылыми жиында мемлекеттік тіл мен шет тілдерін оқытудың өзекті мәселелері, көптілді маман даярлау, білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялардың рөлі талқыланды. Сонымен қоса, тіл меңгерудің тиімді тәсілдері кеңінен сөз етілді.

Қазақ тілінің болашағын әлем тілдерімен ұштастыра отырып қарастыру аталған басқосудың ең негізгі ерекшелігі болды. Шет тілдерін білу заман талабы, алайда мемлекеттік тілдің мәртебесін сақтай отырып, әлемдік білім кеңістігіне бейімделу мәселесі қоғам үшін аса маңызды. Осы бағыттағы ой-пікірлер мен ғылыми тұжырымдар аталған «дөңгелек үстелде» жан-жақты сараланды.

ШАТТЫҚ ШАҢЫРАҒЫ


Наурызбай ауданында тағы бір балабақша салынды

(Басы 1-бетте)

Бүлдіршіндердің жан-жақты дамып, шығармашылық әлеуеті мен ой-өрісін жетілдіруіне мұнда толық жағдай жасалған. Балғындар негізгі тәрбие үрдісінен тыс уақытта гимнастика, музыка және би үйірмелеріне қатыса алады. Ғимараттың құрылыс сапасы мен қауіпсіздік шараларына баса назар аударылды. Жоба аясында балалардың қауіпсіздігі үшін барлық инженерлік жүйелер мен техникалық қондырғылар жеке жөнетілгенге орналас-тырылған. Ал кіреберісте мүмкіндігі шектеулі жандар үшін де ыңғайлы жағдай жасалған.

Болашақ ұрпақтың тәрбиесі балабақшадан басталады. Сол себепті, Басқарма тарапынан құрылыс барысы басынан аяғына дейін жіті бақыланды. Ғимараттың ішкі-сыртқы инфрақұрылымы заманауи талаптарға сай етіп салынды. Мектепке дейінгі мекемеде бала тәрбиесіне қажеттінің барлық құралдары мен зияткерлік жабдықтары сақадай сай. Барлық техникалық қондырғылар мен инженерлік жүйелерді подвалға енгізіп, балалардың қауіпсіздігін бірінші орынға қойдық. Сондай-ақ, кіреберіс топта мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы орындар қарастырылды. Сапа бақылауынан өткен бұл нысан жақын күндері балаларға өз есігін айқара ашады, – деп атап өтті Алматы қаласы Құрылыс басқармасының бас маманы Мұратбек Азиев.

Айта кетейік, бүгінгі таңда нысанның негізгі құрылыс-монтаждау жұмыстары толығымен аяқталды. Қазіргі уақытта балабақша ғимаратын қаланың коммуналдық меншігіне өткізу құжаттары рәсімделіп жатыр. Осы дайындық шаралары мәресіне жеткен соң, білім ордасы ресми түрде ашылып, өзінің алғашқы тәрбиеленушілерін қабылдайтын болады.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ЖОЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

жаңа деңгейге көтеріледі

Алматыда көлік инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстары жалғасып жатыр. Нақтырақ айтсақ, қоғамдық көлікке арналған арнайы жолақтар желісін кеңейту, веложолдардың ұзындығын арттыру және бірқатар көшеде қозғалыс сызбасын өзгерту жоспарлануда. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте қалалық Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Ержан Диханбаев мәлімдеді.

да жаңа бағыт іске қосылмақ. Қазір қалада осы желіге талдау жасап, шамадан тыс жүктелген бағыттарды, қайталанатын маршруттар мен тасымалға сұранысы жоғары аудандар анықталуда.

Жыл соңына дейін Алматы қалалық маршруттарды толықтай экологиялық көлікке көшіруді жоспарлап отыр. Бүгінде автобустардың 64,1%-ы газбен жүреді, 4,7%-ы – электробус, 7,2%-ы – троллейбус.

Алматыда 2261 аялдама бар. Олардың 2089-ы автопавильонмен жабдықталған. 1005 павильон жергілікті бюджет, ал 1084-і жеке инвестиция есебінен орнатылған. Былтыр 56 автопавильон қойылған болса, биыл 200-і орнатылмақ.

Қарасай батыр, Құлымбетов және Прокофьев көшелерін, сондай-ақ Әуезов – Байзақов, Жуков – Уәлиханов және Радостовец көшелерінің учаскелерін қамтиды. Сонымен қатар, Тимирязев, Жандосов, Манас, Мыңбаев, Береговая, Армянская, Айманов және Пушкин көшелерінде біржақты қозғалыс енгізу мүмкіндігі пысықталуда.

Бізде де LRT ашылады

Спикер Алматы «ақылды» бағдаршам орнатып, жаңа бағыттар ашып, LRT желісін салуға қамданып жатқанын да атап өтті. Ержан Диханбаевтың айтуынша, көлік кептелісі мегаполисте ең өзекті мәселелердің бірі болып тұрғандықтан, оны шешу үшін қала билігі халықаралық тәжірибені зерттеп, қоғамдық көлікті дамыудан бастап жол жүйесін цифрландыруға дейінгі кешенді жұмысты қолға алғалы отыр екен.

Бүгінде LRT жобасының техникалық-экономикалық негіздемесі аяқталып, мемлекеттік сараптамадан өтіп жатыр. Қорытындысы биылғы шілдеде шығуы тиіс. Ұзындығы 18,3 шақырым болатын алғашқы LRT желісі Төле би көшесімен өтіп, әрі қарай Абылай хан даңғылы арқылы «Алматы-2» вокзалына дейін, сондай-ақ Момыштыл көшесі арқылы Алатау ауданындағы Индустриялық аймаққа дейін барады.

Жүргізуші мәдениеті қандай?

Алматыда қоғамдық көлік қызметіне қатысты апта сайын шамамен, 800-ге жуық шағым түсетін көрінеді. Тұрғындар көбіне автобусты ұзақ күтетініне, салонның тазалығына, кондиционердің жұмыс істемейтініне, жүргізушілердің оғаш әрекетіне наразы. Сондықтан тасымалдаушыларға бақылауды күшейтіп, күн сайын желідегі автобустар мен жүргізушілерді тексеретін бақылау-линиялық қызмет құрылды.

Осы бақылау-линиясының пилоттық жобасы басталғалы бері 989 заңбұзушылық анықталған. Олардың қатарында рөлде отырып ұялы телефонмен сөйлесу, шылым шегу, аялдамаларға тоқтамай өтіп кету, билет бермей қолма-қол ақша қабылдау және жолаушыларға қызмет көрсету ережесін бұзу секілді қателіктер бар. Дегенмен, бұрынғыдай емес, қоғамдық көліктегі қызмет тәртібі едәуір жақсарды деп отыр мамандар.

Коммуналдық сала цифрланады

Биыл сумен жабдықтайтын желілердің тозу деңгейін 49%-ға, су бұру желісінің ескіруін 48%-ға дейін төмендету жоспарланып отыр. Сонымен қатар, қалада коммуналдық нысандарды бақылаудың цифрлық жүйесі енгізіліп, суды ұтымды пайдалану мақсатында көлік жуатын орындарға қойылар талап та күшейтілмек. Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында энергетика және сумен жабдықтау басқармасының басшысы Нұрбақыт Серікбай осылай деп мәлімдеді.

Дана
САДЫРҚАН

Спикердің айтуынша, былтыр 390,7 шақырымнан астам су желісі салынып, жаңғыртылған. Соның арқасында желінің тозуы 51%-ға дейін төмендеген.



«Қазір қалада кезекті жөндеу маусымы басталды. Биыл тағы 339,1 шақырым сумен жабдықтау желісін салып, жаңғыртпақпыз. Бұл тозу деңгейін қосымша 49%-ға дейін төмендетіп, қала тұрғындары үшін коммуналдық инфрақұрылымды сенімді ете түсуге мүмкіндік береді. Мұндай жұмыс Алматының барлық ауданында қолға алынды», – дейді Нұрбақыт Серікбай.

Су бұру саласында өткен жылы 311,9 шақырым желі салынып, жаңғыртылған. Соның арқасында тозу деңгейі 49%-ға дейін азайған. Биыл қала билігі тағы 285,1 шақырым желіні жаңартып, салуды жоспарлап отыр. Бұл көрсеткішті 48%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік бермекші.

Алматыда коммуналдық саланы цифрландыруға да ерекше көңіл бөліне бастады. Қалада технологиялық процестерді автоматтандырылған басқару жүйесі – АСУТП енгізіліп жатыр. Бұл жүйелер сумен жабдықтау, су бұратын нысандарды тәулік бойы бақылап отыруға мүмкіндік бермек.

«АСУТП енгізу апатты жағдайды жедел анықтап, жабдықтардың сенімділігін арттырып, сумен электр энергиясының шығынын азайтуға сеп болады. Сонымен қатар, жұмысты автоматтандыру коммуналдық жүйені тиімді басқарып, халыққа көрсетілетін қызмет сапасын арттырады. Бұл қалалық инфрақұрылымды жаңғыртудағы маңызды қадам», – деді басшы.

Жұмыстың тағы бір бағыты – су ресурстарын ұтымды пайдалану. Алматыда көлік жуатын орындарда суды қайтара пайдалану жүйесі де енгізіле бастады.

Қазір 162 нысанда осындай жүйе орнатылып, оның 33-ін жыл басынан бері енгізіп қойған. Барлық көлік жуатын жер деректі автоматты түрде жіберетін су есептегіш құралмен жабдықталған. Биылғы 1 мамырда талапқа сәйкес келмеген осындай көлік жуатын 146 орынның қызметі тоқтатылған.

Нұржамал
Әліш

Автобустың 64,1%-ы газбен жүреді

Спикердің айтуынша, бүгінде Алматыда 26 тасымалдаушы 206 бағытқа (олардың 127-сі – қалалық, 21-і – таулы, 58-і – қала маңында) тұрақты қызмет көрсетеді. Қоғамдық көлік паркінде 3108 автобус бар, ал бағыттардағы қозғалыс тұрақтылығы 99%-ға жеткен.

Былтыр жыл басынан бері Алматыда сегіз жаңа бағыт іске қосылған. Бұл маршруттарға 105 автобус тартылған. Ал биыл жаңа №96 мен №130 маршруттар ашылды. Алда «Әуезов-сити» шағынауданын-

Жасыл веложолақ

Қалада велосипед инфрақұрылымы да кеңейтіледі. Веложолдардың ұзындығын 87 шақырымнан 125,5 шақырымға дейін, яғни шамамен 40 шақырымға арттыру жоспарланған. Жаңа веложолақтар Сәтбаев, Масаншы, Жароков, Жандосов, Жамбыл, Қарасай батыр, Қазыбек би көшесінде, сондай-ақ Назарбаев пен Абылай хан даңғылдарында болады.

Бұдан бөлек, әкімдік бірқатар көшеде біржақты қозғалыс енгізу және қозғалыс сызбасын ірі бюджет шығындарынсыз – негізінен жаңа жол таңбалары мен қозғалысты ұйымдастыруды оңтайландыру арқылы өзгерту мүмкіндігін қарастыруда. Атап айтқанда, өзгерістер «Тастақ» базары маңындағы Брусиловский, Түркебаев,





МӘДЕНИЕТТІҢ МЕРЕКЕСІ

Мәдениет – ұлттың рухани тірегі, ал өнер – халықтың жүрек үні. Алматы әкімдігі Республика сарайында 21 мамыр – Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай мерекелік концерт ұйымдастырды.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



Нұржамал ӘЛІШ

Кеш шымылдығы түрліген сәттен-ақ сахнаның жарқыраған сәні мен әуезді әндер үйлесім тауып, көрермен көңілін бірден көкке көтеріп әкетті.

Салтанатты кешке мәдениет және өнер саласының ардагерлері, шығармашылық ұжымдар, зиялы қауым өкілдері және қала тұрғындары мен меймандары қатысты.

Бибігүл Төлегенова, Илия Жақанов, Сәбит Оразбаев сынды мәдениет қорғайтын руханият әлемінде жүрген әріптестеріне онлайн-құттықтауларын жолдап, ілтипатын білдірді.

Роза Рымбаева, Жәмила Серкебева, Жұбаныш Жексенұлы, Зарина Алтынбаева сынды отандық жұлдыздар мен «Дос-Мұқасан» ансамблі, «Ұлытау» тобы, «Тұран» этно-фольклорлық ансамблі, «Арқайым» этнодуэти сахнаны ән-күйге бөледі.

Асанәлі Әшімов атындағы «Жаңа ғасыр» театрының Алматыны арман қалаға айналдырған жастардың жан-дүниесін көрсетуге ұмтылған әсерлі қойылымы да көрермен қошеметіне бөленді.

Ән мен күй әуелеген кеш көрерменіне көтеріңкі көңіл күй сыйлап, мәдениет пен өнердің мерейін тағы бір асырды.

Салтанатты кеш соңында мереке иелерінің құрметіне Алматы қаласы әкімдігінің ықылас гүлі табысталды.

АЛМАТЫДАН ӘЛЕМ САХНАСЫНА...

Шаһардағы Мемлекеттік академиялық қуыршақ театры ұжымы халықаралық театр кеңістігіндегі беделін нығайтып келеді. Биыл театр өртістері бірден екі ірі халықаралық фестивальге қатысады.



Дана САДЫРҚАН

Театр репертуарындағы «Ромео мен Джульетта» спектаклі алғаш рет Румынияда өтетін халықаралық The Craiova International Shakespeare Festival аясында көрсетіледі. Әлемнің 28 елінен 90-нан астам шығармашылық ұжым қатысатын беделді фестиваль 21–31 мамыр аралығында Крайова қаласының 32 театр сахнасында өтеді.

Қазақстандық театр ұжымы қойылымын 28 мамырда «Cercul Militar Craiova» сахнасында ұсынады. Осылайша Алматы қуыршақ театры аталған ауқымды румын фестиваліне қатысатын алғашқы қазақстандық театр ретінде тарихқа енбек.



1994 жылдан бері ұйымдастырылып келе жатқан халықаралық Шекспир фестивалі ұлы драматург Уильям Шекспир шығармаларын жаңа қырынан насихаттауға бағытталған. Биылғы фестивальдің тақырыбы – «Will matters». Ұйымдастырушылар бұл ұғымды адам рухы мен еркіндігінің құндылығын айқындайтын философиялық тұжырым ретінде түсіндіреді.

Алматы театры ұсынатын «Ромео мен Джульетта» спектаклі 2019 жылы режиссер Дина Жұмбаеваның жетекшілігімен сахналанған. Қойылым бұған дейін Канада, Болгария, Ресей, Түркия және Қазақстандағы халықаралық фестивальдерде жоғары марапаттарға ие болған. Ал 2025 жылы Францияның Авиньон қаласында өткен халықаралық «Off Avignon» фестиваліне қатысқан кезде румын ұйымдастырушылары қазақстандық театрдың шығармашылық әлеуетіне жоғары баға беріп, арнайы шақырту жолдаған. Спектакль қазақ тілінде сахналанып, румын және ағылшын тілдеріндегі субтитрлермен қатар ұсынылады.

Сонымен қатар, театр ұжымы 25–29 мамырда Талдықорғанда өтетін IV Халықаралық BIKEN FEST театр фестиваліне де қатысады. Биыл төртінші рет ұйымдастырылатын өнер мерекесіне Грузия, Түркия, Өзбекстан мемлекеттерінен және Қазақстанның бірнеше қаласынан таңдаулы театр ұжымдары жиналмақ.

Ұжым 28 мамырда Бикен Римова атындағы академиялық драма театры сахнасында «Мен кімін?..» спектаклін алғаш рет халықаралық деңгейде көрермен назарына ұсынады. Қойылым қоғамдағы рухани жалғыздық, адамның ішкі арпалысы мен өзін іздеу тақырыптарын қозғайды. Қойылымның режиссері – Грузиядан арнайы шақырылған талантты театр қайраткері Николай Сабашвили.

Халықаралық фестивальдерге қатысу – Алматы қуыршақ театры үшін шығармашылық тәжірибе алмасып қана қоймай, қазақ театр өнерін әлемдік мәдени кеңістікте танытуға жол ашатын маңызды қадам. Театр ұжымы алдағы уақытта да жаңа халықаралық жобаларды жүзеге асырып, заманауи театр өнерінің жаңа белестерін бағындыруды мақсат етіп отыр.



КІТАПСҮЙЕР ҚАУЫМДЫ ҚУАНТТЫ

Зерделі ұлт қалыптастыру бастамасына үн қосқан «Кітап керуен» жобасы Ақтауда әр өңірден жиналған авторлар мен баспагерлердің басын қосты. Қабиболла Сыдиықұлы атындағы әмбебап кітапханада және Каспий теңізінің жағалауында өткен іс-шара қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғасы, мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаев ескерткішіне гүл шоқтарын қоядан басталды.

Салтанатты іс-шараның лентасын Ақтау қаласының әкімі Әбілқайыр Байпақов пен ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, жазушы-драматург Роза Мұқанова қиды. Қала әкімі құттықтау сөз сөйлеп, кітап жәрмеңкесінің мәніне тоқталды. Сонымен қатар, кітап оқитын ұлт қалыптастырудың маңызы мен рухани құндылықтар жайында пікір білдірді.

Ақтауда алғаш рет ұйымдастырылған кітап жәрмеңкесіне еліміздің әдебиет және мәдениет саласындағы белгілі тұлғалары қатысты. ҚР еңбек сіңірген қайраткері Оңайгүл Тұржан, ақын, ҚР Жазушылар одағы Маңғыстау филиалының төрайымы Анар Шамшадинова,

ақын, ҚР Ақпарат саласының үздігі Гүл-айым Дәуітбаева, жазушы, халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты Бақытгүл Сәрмекова, жазушы, ҚР мәдениет және ақпарат саласының үздігі Қанат Тілеухан, қаламгер әрі баспагер Ақберен Елгезек, ақын-драматург Ұларбек Нұрғалым сынды қаламгерлер арнайы қонақ болды.

Отандық ірі баспалардың бас қосуы Каспий жағасындағы жәрмеңкенің басты ерекшелігі болды. Еліміздегі баспа өндірісінің алдыңғы қатарындағы Qasymkitap, Steppe & World, «Абай», «Arman-PV», ZIYAT, SANA, MAZMUNDAMA, Marfu, «Отбасы хрестоматиясы» және WIK HOUSE қатарлы баспалар болды.

15-16 мамыр күндері өткен екі күндік жәрмеңке аясында кітаптарға арнайы жеңілдіктер ұсынылып, түрлі мәдени-әдебиі іс-шаралар ұйымдастырылды. Сонымен қатар, әдебиет пен шығармашылықты дамытуға арналған секциялық отырыстар, жаңа кітаптардың таныстырылымдары мен тұсаукесерлері өтті. Жәрмеңкенің екінші күні Каспий теңізінің жағалауында жалғасып, сенбілік демалысқа шыққан халық сүйікті авторларымен кездесіп, суретке түсіп, кітаптарын қолтаңбаларымен алды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

«Әдебиет – ардың ісі» дейді. Расында, уақыттың өңіне жығылмай, қоғамның көңіліне емес, ардың таразысына жүзініп жазу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Ал сексеннің сеңгіріне келген Сұлтанәлі БАЛҒАБАЕВТЫҢ шығармашылығы – осы сөздің бұлтартпас дәлеліндей. Оның қаламынан туған повесттер мен әңгімелері, пьесалары оқырман мен көрерменнің көңілінен шықты, жүрегіне жол тартты.

Жуырда Мемлекет басшысы «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды. Сол арқылы қоғамның рухани деңгейін көтерудің маңызын тағы да айқындады. Оқитын қоғам қалыптастыру үшін қоғам тынысын, дәуірдің үнін тап басытын әдеби ортаның дамуы да аса маңызды. Осы орайда мерейлі 80 жасқа келіп жатқан қаламгерді құттықтай барып, әдебиет пен уақыт, сахна мен шындық, қоғам мен адам болмысы, кітап оқу мәдениеті туралы әңгімелескен едік.

– Әуелі, мерейлі жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Адам тағдыры маңдайына жазылады дегенге сенесіз бе? Бел-белеске толы ғұмыр жолыңызға көңіліңіз тола ма?

қажет, сондықтан мектеп бітірген соң әкемнің орнына екі жыл қой бақтым. Бірақ өлең жазуды тоқтатпадым. Бір күні қолжазбаларымды алып, Қазақстан Жазушылар одағының Қызылорда бөлімшесін басқарған белгілі ақын Асқар Тоқмағанбетовке бардым. Ол кісі мені жылы қабылдап, өлеңдерімді оқып шықты да, қасындағы адамға: «Мына баладан бірдеңе шығады. Өлеңдерін жариялап, қолдау көрсетіңдер», – деді.



Суретті түсіретін Сапар СЕРІКБАЙҰЛЫ.

«АУЫЛЫМ мен АЛМАТЫМ – ҚОС ҚАНАТЫМ»

– Өмірге өкінішім бар деп айтуға хақым жоқ. Нені аңсадым, соған жеттім. Атақ-даңққа ешқашан қызыққан емеспін. Шығармашылық дарынымды шыңдап, қаламгер ретінде қалыптасуыма Қызылордадағы «Бірінші мамыр» дейтін туған ауылым үлкен әсер етті. Ал Құдай берген талант пен қабілетті ұштап, биікке көтерген – Алматы. Мені құшақ жая қарсы алған, шығармашылығымның куәсі болған Алматыға ешқандай өкпем жоқ. Үш томдық шығармалар жинағымның соңғы томын осы қалаға арнадым.

Әуелде өлең жаздым, кейін прозаға ауыстым, одан соң драматургияға бет бұрдым. Шамам келгенше драматургия саласында Алматыда болған оқиғаларды, бүгінгі заманның қала адамдарын жазуға тырыстым. Қазір Т.Жүргенов атындағы академияда 20 жылға жуық уақыт бойы кино және теледраматургиядан сабақ беріп келемін. Сабақты үнемі: «Мен сияқты оқумендер», – деп бастаймын. Себебі, Журналистика факультетіне оқуға түсіп, арманым жетті деппін де, бес жыл бойы тек шәкіртақы алу үшін ғана жүргендеймін. Сабаққа дұрыс көңіл бөлмей, шығармашылығымды дамытуға жеткілікті мән бермегенім өкінімін. Әрине, бұл орны толмас өкініш емес. Дегенмен, шәкірттеріме әр минутты бағалауды үйретемін. Адам жас кезінен бастап өз бойындағы талант пен дарынды ұштай білуі керек.

– Шығармашылыққа талпынысыңыз қалай басталды?

– Талант – қанға біткен қасиет. Адамның бойында шығармашылық қабілет болмаса, оны жүз жерден оқытқанмен, нәтиже шығару қиын. Мені бала күнімнен «ақын болам» деген арманым жетелегендей. Әкемнің сауаты бар еді, менің талабымды байқап, ерте әріп танытты. Соның арқасында мектепке бармай тұрып-ақ оқып-жазып, батырлар жырын жаттап өстім. Ал мектепке барғаннан кейін өлең жазуға шындап ден қойдым. Бесінші сыныпта пионерлердің аудандық өнер байқауына жас ақын ретінде алғаш жүлде алдым. Ал тоғызыншы сыныпта аудандық комсомол комитетінің хатшысы, кейін белгілі ақын атанған Надежда Лушникова қол қойған мақтау қағазына ие болдым. Осылар мені болашақта ақын-жазушы болатыныма нық сенім берді.

Меніңше, ол кезде ҚазГУ-дағы Журналистика факультетіне түсу ақын-жазушы болудың бірден-бір жолы есептелетін. Оған қабылдану үшін екі жыл еңбек өтілі

Кейін білсем, ол облыстық «Ленин жолы» газетінің бөлім меңгерушісі, ақын Қомшай Сүйенішов екен.

Көп ұзамай газетте «Балауса жырлар» деген тақырыппен өлеңдерім, суретім және қысқаша өмірбаяным жарық көрді. Артынша аудандық «Сырдария» газеті де «Сәт сапар, Сұлтанәлі!» деген атпен жырларымды жариялады. Қазақ радиосының облыстағы тілшісі Зұлқарнай Сахиев мені жас шопан әрі ақын ретінде республикаға таныстырды. Осылайша ақын ретінде таныла бастадым. 1966 жылы жас ақындардың республикалық фестиваліне қатысып, лауреат атандым. Сол жылы Алматыға келіп, бала күнгі арманым – ҚазМУ-дың Журналистика факультетіне оқуға түстім. Бесінші курстың басында бірге оқитын досым Баққожа Мұқай Бас редактор Қалдарбек Найманбаевқа айтып, мені «Білім және еңбек» журналына жұмысқа орналастырды. Содан бері Алматыда тұрақтап қалдым.

– Шығармашылықтан бөлек көп жыл қоғамдық қызмет те атқардыңыз. Бүгінгі ел тынысын қалай сезінесіз.

– Иә, Дүние жүзі қазақтары қауымдастығында ширек ғасыр үзбей қызмет атқардым. Шынын айтқанда, 1960–1980 жылдары Қазақстанның дербес мемлекет болатыны өңіміз түглі, түсімізге де кірмейтін. Сондықтан бүгінгі тәуелсіздіктің қадірін терек түсініп, бағалай білуіміз керек.

Қазіргі қоғамды ең қатты тұралатып отырған мәселенің бірі – жемқорлық дер едім. Мемлекеттің қазынасы халықтың игілігіне жұмсалып керек. Ал ол үшін, ең алдымен, халықтың санасын, идеологиясын дұрыс қалыптастыру қажет. Ұлттық идеология мемлекеттің тұтастығын сақтауға, елдің дамуы мен қорғаныс қабілетін күшейтуге қызмет етуі тиіс. Алдағы уақытта құрылтай құрылып, вице-президент сайланады деген жаңа реформалардан күтетінім – ұлттық идеологияны жүйелі түрде жолға қою. Адалдықты дәріптеп, жемқорлықты жою, мемлекеттің байлығын халық игілігіне жұмсау – басты мақсат болуы керек. Ал оған жету үшін қоғамдағы өзекті мәселелерді көтеріп, өткір сын айта алатын баспасөздің рөлін күшейту қажет. Үкімет те баспасөзде көтерілген мәселелерге бей-жай қарамай, назар аударуы тиіс.

– Мемлекет басшысы «кітап оқитын ұлт» қалыптастыру бастамасын көтергенін білесіз, Ұлттық кітап күні де

бекітілді. Бірақ кітапты құрметтейтін қоғам мен оны оқитын қоғам арасында зор айырмашылық бары анық. Сіздіңше, біз шын мәнінде оқитын қоғамға айнала алдық па?

– Бұл – өте үлкен мәселе. Біздің заманымызда кітаптың таралымы 30 мың данадан басталып, үлкен жазушылардың шығармалары 70–80 мың данаман жарық көретін. Қазір, ары кетсе, 2000 данамен ғана басылады. Оның себебін кейбіреулер «қазір жұрт кітапты ғаламтордан, онлайн форматта оқиды» деп түсіндіреді. Бірақ бұл – шындыққа жанаспайды. Мысалы, технологиясы дамыған жапондар әлі кітапты ең көп оқитын халық саналады. Бұрын баспа, полиграфия және кітап саудасымен айналысатын министрлік деңгейіндегі арнайы комитет болды, кітаптың шығуы мен таралуы мемлекет бақылауында тұрған. Ал қазір Мәдениет және ақпарат министрлігінің құрамында архив, құжаттама және кітап ісі жөніндегі комитет қарайды. Сонда кітап архив пен құжаттамадан кейінгі орында тұрғандай әсер қалдырады.

Ал өркениетті елдерде автордан шығарманы сатып алу, кітапты басып шығару және оны тарату әдістері қолданылады. Бізде де қаламақы мәселесін реттеу үшін осы үш бағыт қатар жүзеге асуы керек еді. Алайда, бұл мәселе көтерілген сайын: «Мәдениет туралы заңда тек кітап шығару мәселесі ғана қарастырылған», – деген сылтау айтылатын.

Осыған байланысты мен сол кездегі Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы, Сенат депутаты Нұрлан Оразалинге 2016 жылдың 17 ақпанында «Әдебиетті дамыту және кітап шығару мен таратуды жетілдіру туралы» ресми ұсыныс хат жолдадым. Ұсыныста «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін шығару» бағдарламасын әдебиетті сатып алу және тарату бағыттарымен толықтыру қажеттігі нақты көрсетілді. Бұл ұсыныс қолдау тауып, 2017 жылы «Мәдениет туралы» заңға және Мәдениет министрлігінің кітап шығару бағдарламасына әдебиетті сатып алу мен таратуға қатысты толықтырулар енгізілді. Соның арқасында жазушылар жаңадан жазылған әрі сатып алу бағдарламасы бойынша жарық көрген кітаптарының әр баспа табағына 350 мың теңгеге дейін қаламақы алатын мүмкіндікке ие болды.

Президенттің «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығын

толық қолдаймын. Әсіресе, жас ұрпақты Конституция қағидаларын құрметтеуге, ұлттық құндылықтарды бағалауға тәрбиелейтін шығармаларды қолдау – өте маңызды. Жазылатын шығарма жастарды қазақ халқын сыйлауға, ұлттық рухты құрметтеуге тәрбиелеуі керек. Кітаптың сапасын арттырып, тілі таза ұлттық тілде жазылуы қажет. Кейіпкерлердің болмысы мен психологиясы шетелдік емес, қазақты дүниетанымға жақын болуы тиіс. Сонымен қатар, кітаптардың тәрбиелік мәнін күшейтіп, оларды насихаттап, елге кеңінен таратып баспаларға мемлекет тарапынан нақты қолдау көрсетілуі қажет.

– Сахна – қоғамның айнасы дейміз. Бүгінгі қазақ театры қоғамның шынайы бейнесін көрсетіп отыр ма? Бұрынғы көрермен мен қазіргі көрерменнің айырмасы неде?

– Драматургиядағы ежелден қойылатын талап – бүкіл адамзатқа ортақ мәселені айту. Шығарманы жазып отырған сәтте шығарма көрерменге жетіп оялау қажет. Мақтанғаным емес, мен осы қағидадан ұстанамын. Қазір театрлар халықты қызықтыру үшін оны шоуға айналдырып жатыр: адамдарды шығарады, билетеді, ән салдырады. Бұл – театр немесе драматургия емес, бұл – спектакль-шоу.

– Бүгінгі қоғам туралы жаңа пьеса жазсаңыз, оның негізгі кейіпкері қандай адам болар еді?

– Қоғамдағы екіжүзділіктің көбейгені мені қатты толғандырады. Халықтың алдында бір сөйлеп, жеке қалғанда сөзі мен ісі қабыспайтын адамдар туралы жазғым келеді. Бізде шынайы жанашырлық жетіспейді. Мысалы, тіл туралы көсіліп сөйлейтін кісі көп, бірақ нақты іс атқарып жүргендері аз. Тіліміз үшін шын күрескен азаматтардың бірі – Шона Смаханұлы. Тәуелсіздікке дейін Алматыда жалғыз қазақ мектебі, екі-үш интернат қана болды. Ал Шона ағамыз қазақ тіліндегі қаншама мектептің ашылуына себепкер болды. Нағыз жанашырлық деген – осы. Негізгі атақ пен даңқ ештеңе шешпейді. Бірақ бүгінгі қоғамның көп адамы соған ұмтылады. Біреу кеудесіне медаль тақса, оны жұртқа көрсетіп, жарқыратып жүруге асығады. Өкінішке қарай, кейбір қаламгерлер де халықтың мұңы үшін емес, атақ пен даңқ үшін жазатын сияқты.

– Сөз басында Алматыға ықыласыңыздың айрықша екенін айтып қалдыңыз. Шаһар туралы тағы не айтар едіңіз?

– Қос қанатым – Ауылым мен Алматым, Туып-өскен ыстық ұям, жаннатым.

Бірің мені талбесікте әлдилеп, Бірің мені биіктерге самғаттың.

...Ақ қағазда алғашқы жыр арманым, Арманымды Алматыда жалғадым.

Сонда өткіздім ғұмырымның қалғанын, Қайран ауыл, қайта саған бармадым...

Бұл – өз жүрегімнен туған өлең жолдары. Алматының табиғаты мен орналасқан жерінің өзі ерекше. Екіншіден, Алматыда бес ұлттық театр бар: қазақ, орыс, неміс, кәріс және ұйғыр театрлары. Осындай бес тілде өнер көрсететін театры бар қала әлемнің еш жерінде жоқ. Егер осы ерекшелікті дұрыс насихаттай алсақ, қазақ мәдениетін бүкіл әлемге танытуға болады.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ тарихындағы тұңғыш Дүние жүзі қазақтарының құрылтайы да Алматыда өтті. Мұның бәрі – осы қаланың рухани орталық ретіндегі маңызын көрсетеді.

– Қазіргі қазақ әдебиетінде сізді қуантатын жаңа есімдер бар ма?

– Өзім төрт жыл сабақ берген шәкірттерімнің ішінде Әлішер Рахат пен Айдан Аламанды ерекше атап өткім келеді. Мамашағынан үміт күттіретін жастар. Ал қазіргі жазушылардың көбін, шынын айтсам, толық тани бермеймін.

– Ендігі арманыңыз қандай?

– Қазақ елі мықты мемлекет болып, қазақ әдебиеті өсіп-өркендей берсе екен деп тілеймін. Мен өмірден өткеннен кейін де шығармаларым ұмытылмаса екен деймін. Ең басты арманым – ұрпағымның амандығын, шәкірттерімнің мықты болуы. Жамандығын көрмей, елге пайдасын тигізіп жүрсе екен деймін.

Адам атақ пен ақшаның түбіне ешқашан жете алмайды. Ең маңыздысы – артында қалатын ізгі іс пен жақсы сөз.

– Әңгімеңізге көп рахмет!

Сұхбаттасқан
Дана САДЫРҚАН.



АРМАНДА КЕТКЕН АРЫСТАР

Саяси қуғын-сүргінге ұшыраған әділет халық комиссарлары

Қазаққа мемлекеттілігінің жаңғыруы қайнары Алаш автономиясынан бастау алып, 1920 жылдың күзінде Кеңестік қазақ атауымен Қазақ Автономиялы Республикасы дүниеге келді. Оның құрылуына негіз болатын Қазақ өлкесін басқаратын төңкерістік комитеттің (Қырғызревком) құрамы да Алаш құрамында қызмет жасағандар болатын. 1920 жылы Қазақ Автономиялы Республикасы жарияланған сәттен Қазақ үкіметі құрамындағы құрылған 10 комиссариаттың бірі Әділет комиссариаты еді.



1920 жылдың 22 маусымда Әділет халық комиссариатының құрамында прокуратура құрылып, бірінші басшысы Әділет комиссары және Республика прокуроры лауазыммен аталатын болды... 1936 жылдың 7 ақпанынан Әділет халық комиссары мен прокуратура қайта біріктіріліп, сол жылдың 17 тамызында мүлдем ажыратылды, яғни жеке прокуратура құрылды.

Үкімет құрамындағы Әділет халық комиссариатын прокуратурамен қоса (Әділет министрлігін) 1938 жылға дейін түгелдей қазақтан шыққан басшылар басқарған. Бастапқы кезеңде Әділет халық комиссариатын Алаштың қайраткерлері Ғұбайдолла Әлібеков пен Шафқат Бекмұхамедов басқарса, ұзақ жылдар комиссариат бөлімдерін меңгерушілері болған Ахмет Бірімжанов пен Сейітдәзім Қадырбаев та Алаштың белді өкілдері еді. Прокурорлар, сот орындаушысы, адвокат қызметтерін атқарған Ыдырыс Мұстамбаев, Жақып Ақбаев сияқты талай алаш тұлғаларының архивте жеке істері сақталған.

Өкініштісі, Әділет халық комиссариатын (Әділет министрлігін) 1938 жылға дейін басқарған 13 комиссардың 10-ы сталиндік қуғын-сүргіннен мерт болса, үшеуі ғана өз ажалымен өлген екен.

Ғұбайдолла Әлібеков (1870-1923) – 1920 жылы құрылған Қазақ кеңестік Автономиялы Республикасының Әділет халық комиссариатының алғашқы басқарушысы, Алаш қайраткері. Орал өңірінің қазағы, Орынбор мұғалімдер семинариясының тәмамдаған. Патша заманында волостной управитель болған. Кейін Алаш ісіне араласқан

мықты саясаткер болған. Әдебиеттерде Батыс Алашорда бөлімінің көсемі деп атайды. Қазақ хандығынан келе жатқан «құн туралы», әмеңгерлік, көп әйел алу, барымта сияқты әдет-ғұрып заңдарының жою осы кезеңнен басталады. Ғұбайдолла жергілікті сот органдарының көп күш жұмсады. Соңғы арызы бар, денсаулығы нашарлап қажығанын айтады. 1923 жылы ұзаққа созылған аурдан қайтыс болған.

Бекмұхамедов Шафқат (1892-1958) Бөкей ордасының ауқатты отбасында дүниеге келген. Қазан университетінің заң факультетінде оқыған кәсіби маман. 1921 жылдың 17 қазанынан Әділет комиссары және 1922 жылдың 2 тамызынан тұңғыш Республика (Бас) прокуроры лауазымын қоса атқарды. Бірінші Республика прокуроры. 1958 жылы Алматыда қайтыс болды.

Атаниязов Мырзағұл (1899-1945) – Ақтөбеде мұғалімдер семинариясын бітірген. Ақтөбеде «Жас тілек» мәдени-ағарту ұйымын құрған. – 1922 жылдың 15 қазанынан Әділет комиссары және Республика (Бас) прокуроры болған. 1938 жылы халық жауы ретінде 15 жылға сотталып, 1945 жылы (46 жасында) түрме азабынан ауырып қайтыс болды.

Нұрмақов Нығмет (1895-1937) – 1923 жылдың 15 мамырынан Әділет комиссары және Республика (Бас) прокуроры. Омбы мұғалімдер семинариясының түлегі. 5 жылдай Қазақ үкіметін басқарып, 1929 жылы қызметінен қуылды. Алаштың көсемі Әлихан Бөкейхановпен Мәскеуде бір күнде 1937 жылдың 27 қыркүйегінде (42 жасында) атылған. Әйелі Ақпаева Зүпнүн

Ыбырайқызы 19 жылын лагерлерде өткізді. Қуғын-сүргін салдарынан қызы Тамара қайтыс болса, ұлы Ноян соғысқа штрафбатқа жіберілген.

Ералин Нұртаза (1882-1938) – құжаттарды Ералы ханның тұқымынан тарайтындығы бадырайта көрсетіледі. Қостанай қалалық училищесін, Орынбор мұғалімдер семинариясын бітірген. 1924 жылдың 9 қыркүйегінен Әділет комиссары және Республика (Бас) прокуроры. Қысқа мерзім ғана қызмет атқарған комиссар. (2 ай ғана). Комиссариат тарихында есімі «Аймауытовтың ісін» көтерумен қалды. Ханның тегі ретінде қуғын-сүргінге ұшырап, 1938 жылдың 7 наурызында атылған.

Боранбаев Қанай (1882-1938) Жетісу жерінің тумасы. 1924 жылы Түркістанның екі облысы Қазақ АКСР-не қосылған тұста үкімет құрамына келген ерекше тұлға. 1924 жылдың 27 қарашасынан Әділет комиссары және Республика (Бас) прокуроры. Варшава университетінің заң факультетінде оқыған. Саяси көзқарастары үшін 3 рет сотталған. 1937 жылы Өзбекстанда тұтқындалған. Қуғын-сүргін салдарынан әйелі мен баласы күйіктен қайтыс болған. Өзі Магаданға айдалып, 1938 жылдың 15 қаңтарында атылған.

Мәмбеєв Сәдуақас (1898-1958) Қызылорда елінің Шиелінің қазағы. Ташкенттегі бір жылдық педагогикалық курста оқып, 1917 жылы саяси дүрбелеңге ерте араласқан. 1923 жылы Мәскеудегі 2 жылдық Заң курсына оқып, кәсіби заңгерлік жолға түсті. 1925 жылдың 18 мамырынан Әділет комиссары және Республика (Бас) прокуроры. Кейін Орта Азия әскери округында әскери прокурор болған. 1938 жылдың 4 ақпанында «халық жауы» ретінде тұтқындалып, 10 жылға бас бостандығынан айырылған. Жазасын өтеп шыққан соң 1949 жылы «қоғамға қауіпті элемент» тағы сотталып, мәңгіге Сібірге жер аударылған. Сталин өлген соң ғана 16 жыл түрме азабынан ақталып, 1958 жылы Сыр жерінен топырақ бұйырды.

Сәдуақасов Жанайдар (1898-1938) Омбы мұғалімдер семинариясының түлегі. 1928 жылдың 17 қаңтарынан Әділет комиссары және Республика (Бас) прокуроры. 1937 жылдың 17

қыркүйегінде тұтқындалып, атылғанда небары 40 жаста болған. Әкесі Сәдуақас «халық жауының» әкесі ретінде айыпталып, 59 жасында атылды. Әйелі, балалары өзбек-қырғыз жерін паналап, аман қалған.

Айтмағамбетов Боран (1901-1938) – 1930 жылдың 18 мамырынан Әділет комиссары және Республика (Бас) прокуроры. Мәскеуде кәсіподақ қозғалысы Жоғары мектебін бітірген. 1933 жылдың қаңтарынан Әділет халық комиссариаты жанынан Прокуратура басқармасы құрылып, Республика (Бас) прокуроры лауазымы Әділет комиссарының бірінші орынбасарына жүктелді. 1938 жылдың 13 қарашасында «халық жауы» ретінде айыпталып атылған. Артында 27 жастағы жары Әдиша, шиттей 3 баласы қалған.

Жармұхамедов Абдолла (1896-1940) – 1933 жылдың 9 қарашасынан Әділет комиссары. Самарқанның 4 класты училищесін бітірген. Азамат соғысы жылдары көрсеткен ерлігі үшін 3 мәрте Қызыл Ту орденіне ие болған батыр (Кеңес Одағының Батыры дәрежесімен тең). 1940 жылы 21 қыркүйекте азамат соғысында алған жарасынан ауырып 45 жасында қайтыс болған.

Жүсіпбеков Хамза (1900-1938) – 1935 жылдың 9 қаңтарынан Әділет комиссары болған. Омбы мұғалімдер семинариясының түлегі. Шебер аудармашы және әдебиетші. 1938 жылдың 26 ақпанында Алматы іргесінде атылған «қаралы тізімдегі» 37 комиссардың бірі.

Есқараев Сүлеймен (1897-1938) – 1936 жылдың 7 ақпанынан Әділет комиссары және Республика (Бас) прокурорын тағы да біріктіріп басқарды. Мәскеудің жоспарлау академиясын бітірген. Қазақстанның Одақтық республикаға айналуымен Әділет комиссариатынан Прокуратураны бөліп құрған бірінші прокуроры. 1938 жылы «халық жауы» деген айыппен атылған.

Бораяв Оразғали (1898-1938) – Мәскеудің Ауылшаруашылық академиясын бітірген. 1936 жылдың 17 тамызынан Әділет комиссары. 1937 жылдың 4 қазанында тұтқындалып, 1938 жылдың 4 ақпанында атылған соңғы Әділет Халық комиссары болды...

Кеңестік қазақ мемлекеті саналатын Қазақ Автономиялы Республикасы жарияланған 1920 жылдан ұлтымыздың таңдаулы азаматтарын баудай қырған 1937-1938 жылдың қаңқасабына дейін Қазақ Үкіметін басқарған 132 халық комиссарлары болса, 74-і репрессияға ұшырап, 22-сінің тағдырын анықтау мүмкін болмағаны айтылады...

СОҢҒЫ ӘДІЛЕТ КОМИССАРЫ ЕДІ...



1938 жылы 17 ақпанда КСРО Ішкі істер комиссары Н.Ежовтың арнайы тапсырмасымен Қазақстанның Ішкі істер комиссариаты басшылығына Станилав Реденс келді. Қанды сойқанды жүзеге асыру үшін 1938 жылы 20 ақпанда Алматыға Горячев бастаған КСРО Жоғарғы Соты көшпелі Әскери алқасы да шұғыл жетті.



Саяси әрі шаруашылық жұмыстарды атқарудағы қалыптасқан тәжірибесі бар О.Бораяев Қазаткомның, Қазөлкомның мүшесі ретінде республикамыз үшін маңызы бар мәселелерді шешуде өзінің біліктілігімен, өткірлігімен ерекшеленеді. Оразғали Бораяев басшылыққа келгендегі республика өміріндегі айтулы оқиға – 1936 жылдың 5 желтоқсанында еліміздің Автономиялық республикадан Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы болып, Одақтық мәртебе алуы еді.

Заңды белінен басқан, орындалуға міндетті «маңызды» нұсқаулар көбіне Орталық биліктен түсетін. СССР Әділет халық комиссары В.Крыленконың, жазалаушы аппараттың басында отырғандар атышулы прокурор А.Вышинский және Ішкі істер комиссары Г.Ягоданың тапсырмалары ешбір сөзге келместен қалтқысыз орындалуы тиісті еді. Оразғали Бораяевтың, Сүлеймен Есқараевтың заңсыздық әрекеттерге қатысты мәселелерге өзіндік ой-пікір айтып, жеке көзқарастарын ашық жариялауы, әрине, жоғарыдағыларға ұнай қоймағаны анық. 1937 жылдың екінші жартысынан бастап елде жаппай жазалау өріс алған тұста О.Бораяев саясатқа сәйкес ыңғай таны-

та қойған жоқ. Керісінше үзілді-кесілді наразылық білдіруімен ерекше көзге түскен еді. О.Бораяевтың сол кезеңдегі ұстанымы: «сот террор ұйымдастыратын, жазалайтын орган емес, ол – халық қызметшісі, көптің мүддесін қорғаушы, әділдікті жақтаушы» деген бағыт болатын. Бірақ мұндай адалдық, тазалық күшіне мінген тоталитарлық жүйенің озбыр саясатымен мүлдем үйлеспейтін еді.

Ішкі істер халық комиссариатының (НКВД) заңсыз іс-әрекетіне ашық наразылық білдірген О.Бораяев көп ұзамай, Қазақстандағы қуғын-сүргіннің алғашқы легін бастап, 1937 жылдың 4 қазанында тұтқындалады. Күні кеше ғана Әділет халық комиссары болып тұрған ол енді «халқының қас жауы» атанады. Оған небір қорқыныш ұялататын жаланың бәрі жабылды: «неміс тыңшысы», «жапондардың шпионы», «бас билікті құлатуды мақсат етіп, Сарымолдаев, Есқараевтармен бірге террорлық әрекеттер ұйымдастырмақ болыпты». Нәтижесінде айыбын «толық мойындаған» Оразғали Бораяев КСРО Әскери сотының үкімімен 1938 жылдың 26 ақпанында атылып кете барады. Бұл 1937-1938 жылдары «халық жауы» ретінде атылған Әділет саласындағы комиссардың соңғысы еді. 1959 жылдың 29 қаңтарында Оразғали Бораяевтың ісі қайта қаралып, ешбір кінәсі болмағандықтан толық ақталады.

Қазалы өңірінен шыққан еліне қызмет жасаған асыл азаматтың, қысқаша тағдыры осындай. Қатардағы жауынгерден Қазақстанның Әділет Халық комиссары (министрі) дәрежесіне дейін өскен, жоғары білімі бар азамат жазықсыз 40 жасында қыршын болды. Ескерусіз, елеусіз қалған тарихи тұлғаны еске алып, елге таныту парызымыз.

Б.Ж.КАБДУШЕВ,
Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің қауымдастырылған профессоры.



ШАҒАРДЫҢ СПОРТТЫҚ ТЫНЫСЫ

Алматы қаласы – талай чемпиондарды тәрбиелеген, талай дүбірлі додаларды қабылдаған еліміздің спорттық орталығы. 2025 жылдың басынан бері қаламызда өткен 3 мыңнан астам спорттық-бұқаралық іс-шара 380 мыңнан астам жанкүйерді қамтыған. Оның ішінде 35 ірі халықаралық спорттық жарыс ұйымдастырылды. Одан бөлек, қала тұрғындары белсенді болып, дене шынықтыруға ден қоятындар көбейген.



Досбол
АТАЖАН

Өткен жылдың қорытындысы бойынша мегаполисте спортпен тұрақты түрде айналысатын тұрғындар саны 955 мың адамға жетсе, оның 325 мыңы балалар болған. Бұл көрсеткіш Алматыда бұқаралық спорттың қарқынды дамып жатқанын көрсетіп қана қоймай, шаһардағы спорттық нысандардың тиімді жұмыс істеп тұрғанын дәлелдейді.

Тұрғындарға салауатты өмір салтын ұстанып, халықаралық жарыстарды өткізуге мүмкін беретін осы нысандарды кім күтіп-ұстайтынын білесіз бе? Бұл сұрақтың жауабын анықтау үшін Балуан Шолақ атындағы спорт және мәдениет сарайын, Орталық стадионды, «Халық арена» және «Алматы аренаны» арнайы аралап, басқарушы ұйым өкілдерімен тілдестік.

Кешендерді біріктірген орталық

Мегаполисте үлкенді-кіші спорт нысандары көп. Бірақ оның ішінде ірі спорттық алаңдарды тікелей пайдалану мен басқару жұмыстарын қала әкімдігіне қарасты Алматы қаласының Спорттық ғимараттары дирекциясы жүзеге асырады. Бұл ұйымның бақылауында бүгінде Орталық стадион, Балуан Шолақ атындағы спорт және мәдениет сарайы, «Медеу» спорт кешені, «Алматы Арена», «Халық Арена», Спорттық-жаттығу кешені (СЖК), Атлеттер ауылы, «Сұңқар» халықаралық шаңғы трамплиндері кешені қатарлы 8 нысан бар.

Спорттық ғимараттары дирекциясының басшысы Есет Байтасов аталған нысандарды басқарумен айналысатын ұйымның жұмысына тоқталды. Ол қала тұрғындары мен қонақтары жиі жиналатын бұл ғимараттарды үлкен жауапкершілікпен қарау қажеттігін атап өтті.

– Біздің міндетіміз – қала тарапынан тапсырылған нысандарды күтіп-ұстау, олардың тиімділігін арттырып, халыққа қолжетімді болуын қамтамасыз ету. Себебі, бұл ғимараттар әртүрлі деңгейдегі іс-шаралар өтумен шектелмейді. Оларда кәсіби спортшылар, спорт мектептерінің тәлімгерлері, қарапайым қала тұрғындары жаттығу жасайды, үйірмелерге қатысады. Әлеуметтік жауапкершілік мәселесінің маңызы зор. Сондықтан жас спортшыларға, ерекше қажеттілігі бар тұлғаларға, әлеуметтік осал топтардың өкілдеріне көп мүмкіндіктер бар, – деді Есет Байтасов.

Сонымен қатар, ол алдағы жылдары шешілуі тиіс нақты міндеттерге де тоқталып өтті. Оның айтуынша, 2029 жылы Алматыда қысқы Азия ойындары өтеді. Сондықтан үш жыл ішінде дирекция нысандарды жақсы деңгейде күтіп-ұстаудан бөлек, инфрақұрылымды жаңарту жоспарлаған.

– Барлық ғимараттарды заманауи талаптарға сай жаңарту жоспарымызда бар.

Қаладағы нысандардың жағдайы қалай?



Кейбірінде қайта құру, кей жерлерде күрделі жөндеу жүргіземіз. Жұмыс жоспарын бекітуге қала әкімдігінен бөлек, ҚР Спорт министрлігі де қатысады, – деді дирекция басшысы.

Балуан Шолақ атындағы спорт және мәдениет сарайы

Іргетасы 1967 жылы қаланған бұл ғимарат 2010 жылы қайта жөндеуден өтіп, қосымша мұз айдынымен және көпдеңгейлі паркингпен толыққан. Мұнда жарыстар, концерттер мен түрлі бағыттағы көрмелер жиі ұйымдастырылады. Спорт сарайының басқарушы директоры Ұнаған Дәулетқұлының айтуынша, 2025 жылы мұнда 81 іс-шара өткен. Оның 50-і спорттық, ал 31-і мәдени-бұқаралық шаралар болған.

– Ауқымды іс-шаралардан бөлек, ай сайын бізде 15 мыңнан астам адам спорттың әртүрлі түрлері бойынша жаттығады. Қазіргі уақытта 10 спорт секциясы жұмыс істейді. Егер күнделікті келушілер санына тоқталсақ, 800-ге жуық адам біздің қабырғамызда спорттық және шығармашылық дағдыларын шыңдап, уақытын тиімді өткізеді. Хоккей, күрес, джиу-джитсу, мәнгерлеп сырғанаудан бөлек, бізде би және йога сабақтары да бар, – деді ол.

Балуан Шолақ атындағы спорт және мәдениет сарайының негізгі залы алматылықтарға жақсы таныс. Онда 3 мыңнан астам орын бар. Бірақ ғимараттың өзге бөлігі де қала тұрғындарының игіліне жұмыс жасап тұр. Мысалы, нысанның 4-қабатында зейнеткерлер теннис не тоғызқұ-

малақ ойнап, шәй үстінде ақжарқын әңгіме-дүкен құратын «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы жұмыс істейді. Ал екінші және үшінші қабаттарда спорттық секциялар мен спортшылар емделетін медициналық орталық орналасқан.

Орталық стадион

Демалыс күні «Қайрат» ойындары үшін жанкүйерлер жиналатын Орталық стадион да Спорттық ғимараттар дирекциясының басқаруында. Былтыр бұл алаң Алматыға алыс-жақын шетелден туристердің ағылуына себеп болған әлемдік оқиғалардың басты орталығына айналды. Оның қатарында «Қайрат» пен «Реал Мадрид» матчы және Джей Ло, Backstreet Boys концерттері бар. Стадионның басқарушы директоры Райымбек Хайреловтың айтуынша, қаланың басты алаңында ірі іс-шаралар өткізуге ұсыныс жиі түседі. Бірақ нысан басшылығы олардың көбіне кері қайтарады. Себебі, стадионды күтіп-ұстау, оның ішінде жасыл алаңның жайкүйі басты назарда.

– Үлкен концерт өткеннен кейін алаңдағы жасыл желек кемінде 2 апта демалуы керек. Сондықтан мұнда іс-шараларды қатарынан өткізе беруге рұқсат бермейміз. Мұндағы жасыл шөптің күтімімен агроном мамандар айналысады, – деді ол.

Сондай-ақ, ол футбол матчтары мен бұқаралық іс-шаралар барысында адамдардың стадионға ұзын-сонар кезексіз жайлы кіру үшін инфрақұрылымды жақсарту бойынша жұмыстар атқарылып жатқа-



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

нын айтты. Оның сөзінше, жақында стадионда ұйымдастырылған Solana Fest фестивалі кезінде қонақтардың кіріп-шығуында ешқандай қиындық болмаған. Жалпы, фестивалге 25 мыңнан астам көрермен жиналды. Олардың қатарында Қырғызстан, Ресей, Өзбекстан, Әзербайжан, Грузия және басқа да елдерден келген туристер бар. Ал сахнада Timbaland, Nicole Scherzinger, Keri Hilson, John Newman, Tyga, Busta Rhymes және Flo Rida сынды әлемге әйгілі орындаушылар өнер көрсетті.

Райымбек Хайрелов стадионның өзінде негізгі алаңнан бөлек әртүрлі спорттық секциялар орналасқанын атап өтті. Мұнда спорт мектептерінің тәрбиеленушілері мен тұрғындар жаттығады. Ал стадион сыртында жаппай жүгірістер ұйымдастырылады. Мысалы, «Спорт – достық алаңы» бағдарламасы аясында тұрғындарға арналған тегін жүгіру жаттығуы басталды. Сәрсенбі күндері қатысушылар сағат 19.30-да стадионның жүгіру жолында жаттықса, сенбі сайын таңғы 10.00-де стадион айналасында жиналады.

«Халық Арена» және «Алматы Арена»

2017 жылы өткен Универсиада қарсаңында ашылған бұл нысандар қазір қала спортшыларын дайындайтын басты орталықтарға айналған. Мысалы, «Халық Аренада» бүгінгі күні 48 спорттық секция бар. Оның ішінде балалардың 6 хоккей клубы, 4 мәнгерлеп сырғанау клубы жұмыс істейді. Балалар велоспорт, еркін және грек-рим күресі, әйелдер күресі, спорттық гимнастика, көркем гимнастика және өзге спорт түрлерімен айналысады. Нысанда екі мұз айдыны бар. Негізгі алаңда орын саны 3200 болса, жаттығуларға арналған алаңда 300 орын бар. «Халық Арена» басқарушы директоры Айдос Шайлазым мұз айдындарында бір сағат бос уақыт болмайтынын атап өтті.

– Бізде қай үйірмеге барсаңыз да бос тұрғанын көрмейсіз. Балалардың спортқа қызығушылығы жоғары. Біз олар үшін барынша қолайлы жағдай жасауға тырысамыз. Біздегі мұз айдында Олимпиада чемпионы Михаил Шайдаров да жаттығу жасайды, – деді Айдос Шайлазым.

Ал «Алматы Аренада» 32 спорттық секция жұмыс істейді. Оның ішінде 12 спорт мектебі мен 6 ұйым өкілдеріне арнайы мүмкіндіктер жасалған. Олардың қатарында бочча федерациясының үйірмесі бар. Бұл секция арбада отыратын адамдар үшін жан мен тәнді сауықтырудың таптырмас мүмкіндігіне айналған. Спорт кешеніне келіп боччамен айналысатын тұрғындар тек қалалық деңгейде шектеліп қалмай, халықаралық деңгейде өнер көрсетіп жүр. Мұнда ұлттық құрамаға енген азаматтар жаттығады. Одан бөлек, аренада жүзу бассейні, шорт-трек, хоккей, мәнгерлеп сырғанау бойынша жаттығу өтетін мұз алаңы орналасқан. «Алматы Арена» басты инженері Мәди Қыдыровтың айтуынша, былтыр мұнда 150-ден астам іс-шара өтті. Биыл нысанда теннистен АТР 250 турнирі, джиу-джитсудан Азия чемпионаты, мәнгерлеп сырғанаудан Қазақстан чемпионаты сынды ірі жарыстар жоспарланған.



ҚҰТТЫҚТАУ

ШӘКІРТ ЖҮРЕГІНДЕГІ
ШАПАТАФАТТ

ауыл балалары жиналды. Қойшының да, колхозшының да, қарапайым еңбек адамдарының да балалары осында білім алды. Ауылдан ата-анасынан жырақта жүрген балалар дей ме екен, ұстаздарымыз бізге аса қамқорлықпен қарайтын еді. Бүгінгі күнмен салыстырсақ, «ойпырмай, олардың үйінде бала-шағасына кім қарады екен?» дейсің...

Мектептің аумағы кең болатын. Өз стадионы, клубы, қыздар мен ұлдарға арналған жатақханасы, моншасы, кір жуатын орны, химия зертханасы, еңбек шеберханасы, биология жылыжайы – бәрі оқушылар үшін жасалған. Бүгінде бәрі естелікке айналды. Бірақ сол күндердің жылуы жүректен өшкен емес.

Ал бүгін ерекше ілтипатпен еске алып отырғанымыз – ардақты ұстазымыз Жексенбина Гүлжаухан апайымыз. Биыл апайымыздың 90 жылдық мерейтойы. Ол кезде мұғалімдерді көбіне оқытатын пәніне қарай атайтынбыз. Гүлжаухан апайымызды «химичка», енді бірін «орыс тілі апай», «география ағай», «биология ағай» деп кете беретін едік. Бірақ сол атаулардың астарында балалық еркелікпен қатар үлкен құрмет жататын.

Бала болсақ та, кімнің қалай екенін қабағынан танып тұратынбыз. Әрине, бәрімізді алақанына салып өбектеп отырды десек, өтірік болар. Бала болған соң қиыс кетіп жататын жақтарымыз да болды. Ескерткіштерін естіп ержете бастадық. Гүлжаухан апай өте сабырлы, биязы, салмақты жан болатын. Артық дауыс көтермейтін. Байыппен сөйлеп-ақ шәкірт жүрегіне жол табатын. Алдынан қия өтпеуге тырысатынбыз. Бұл – ұстаз беделі еді.

Химия кабинеті бөлек ғимаратта орналасқан. Түрлі тәжірибелер көрсетіп, ғылымның гажайып әлеміне жетелейтін. Қышқылдар мен сілтілер, валенттілік, реакциялар, иондар, Менделеев жүйесі – бәрі біз үшін беймәлім құпия дүниедей көрінетін. Міне, сол құпияның кілтін ұстазымыз қолымызға ұстатты.

Гүлжаухан апайымыздың 90 жасқа толған мерейтойын көріп отырған ұрпағы мен перзенттеріне сүйсіне қараймыз. Саналы ғұмырын шәкірт тәрбиесіне арнаған аяулы жанның еңегелі өмір жолы – кейінгі буынға үлгі, жас ұрпаққа тағылым.

Ардақты ұстазымызға шәкірттік жүректен шыққан алғысымыз шексіз. Сіз қаншама адамның көкірек көзін ашып, білім нәрімен сусындаттыңыз. Ұстаздықтың ұлы жолында жүріп, елге қызмет ететін талай азаматты тәрбиелеп шығардыңыз. Ғасыр жасына

таяған ғибратты ғұмырыңызға тағзым ете отырып, өзіңізге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық пен бақ-берекет тілейміз. Иә, қасиетті білім ордасы – №2 мектеп-интернаты да талай дарынды тұлғаның алтын ұясына айналды. Бұл қара шаңырақтан елге танылған талай азамат түлеп ұшты. Солардың қатарында Сағат Әшімбаевтың ұлы Мәулен Әшімбаев, мемлекет қызметінде абыройлы еңбек еткен Талғат Мамашев секілді белгілі тұлғалар бар. Бұл – біздің есімізге түскені ғана. Аты әйгілі кәсіпкерлер шыққанын айтпағанда, бұл мектептен елге қызмет еткен талай азамат қанат қақты. Бізге дейін де, бізден кейін де осы қара шаңырақты бітірген тұлғалар аз болмаған, олардың да жүрегінде мектепке деген сағыныш пен құрмет ешқашан өшпейді.

Таңертең сабақ оқып, түстен кейін еркін тыныс-тайтынбыз. Кешкілік қайта жиналып, ертеңгі сабаққа дайындалабыз. Күніне 3-4 мезгіл тамақтандырып, аппақ төсекке жатқызатын. Спорттың барлық түрімен айналысуға мүмкіндік болды. Әбдіразақов Самат ағай спорт залын керемет жабдықтап қойған еді. Кейбір балалар орталық стадионға барып күреспен шұғылданатын. Әбусейіт Айханов, Аманжол Бұғыбаев сынды азаматтардың жаттығуын көріп өстік. Аты аңызға айналған Тимур Сегізбаевты сыртынан байқап қалатынымыз да жадымызда. Кейін Асқантай, Хамза секілді тағы да басқа жігіттер атақты палуан болып шықты.

Өнерге де ерекше көңіл бөлінді. Домбыра үйреткен ұстаздардың өзі бір-бір тұлға еді. Ибрахим Нүсіпбаев сынды өнер майталмандары шәкірт тәрбиеледі. Уәли Бекенов домбыраның қыр-сырын үйретті. Айта берсек, естелік деген көп. Таңғы сағат 7.00-ден сыртқа жиналып жаттығу жасайтын едік. Тәрбие ісі жөніндегі Тәниев ағайдың арқасында мектептің айналасы мұнсадай боп жататын.

Қызыл бұрыш кабинеті немесе пионерлер бөлмесі болды. Онда шетелдердің, көбінесе, социалистік елдердің пионерлерімен хат жазысып тұратынбыз. Фотосуреттерден тақталар жасалып, мәліметтер ілулі тұратын. Балзия апайымыз пионер вожатыйы еді.

Кейін қазақ музыкасының көрнекті өкіліне айналған Кеңес Дүйсекеев те осы мектепте оқыды. Ән айтып, хорға қатысып, теледидардан өнер көрсеткен балалар арамыздан шықты.

Ал кітапханамыз біз үшін тұнып тұрған қазына еді. Қыста тегін киім де берілетін. Пальто, бас киім, спорттық киімдерге дейін қамқорлық жасалды.

Біз ауылдан келген қарапайым балалар едік. Тазалықты, мәдениетті, әдептілікті сол мектептен үйрендік десек, артық айтқандық емес. Сол күндердегі ұстаздарымыздың бәрі ыстық. Мектеп бітіргенімізге 60 жылға жуық уақыт өтсе де әлі жүрегімізде: Орынша Қарабалина, Сара Масина, Суфиява апай, Бақтығали Өсербаев, Сабыр Оспанов, Мәрия Алтаевна, Қазима Жағыпарова, француз тілінен Нина Иванова, Аршагүл Сариева, кейін 9 интернатқа директоры болған Тәнзила Әбдірахманова, Сапа ағайдың жолдасы кітапханашы Әмина Ысқақова, тағы басқа ұстаздарымызды ұмытқан жоқпыз. Ол кезде қазақ мектебі санаулы болған соң ба екен, әбден іріктелген мұғалімдер білім бұлағынан сусындатты.

Мектеп клубында кино көрсетілетін. Ол кезеңнің тәрбиесі де, талабы да бөлек еді. Ленин, Горький және әлемдік тұлғалар жайлы көп оқыдық. Бірақ ең бастысы – жүрегіміз таза, көңіліміз мөлдір болды. Сол жылдардағы ұстаздардың әрқайсысы бүгінде жүрегімізде ерекше орын алады. Класс жетекшіміз Күләш Әбуова әдебиет пәнінен сабақ беретін. Тәрбиешіміз Нұрқатова Мәруа апай еді. Сонымен қатар, Сағынғали ағай, Самат ағай, Жәдігер аға, Жұмаш ағай, Сапа ағай, мектеп директоры болған Сираж ағай – бәрі-бәрі біздің өмірімізге із қалдырған жандар.

Одан бәрі талай заман өзгерді, уақыт алмасты, бірақ ұстазға деген құрметтің қадірі кеміген жоқ. Қарабалина Орынша апайымыздың әлі күнге дейін ұстаздық жолдан жалықпай, ұрпақ тәрбиесіне адал қызмет етіп келе жатқаны – соның айқын дәлелі. Теледидардан тағылымды әңгімелерін тыңдай отырып, шәкірттері үшін қандай қадірлі жан екенін тағы бір терең сезінеміз.

Бұл дүниеден өткен барша ұстаздарымыздың жандары жәннатта болсын дейміз. Ал ортамызда жүрген аяулы ұстаздарымызға шәкірттік алғысымызды білдіріп, ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық, отбасына амандық, еңбектеріне толағай табыс тілейміз.

Алматыда ұстаздар династиясын жалғастырып, тағылымы мол, тәрбиелі шәкірттер дайындап келе жатқан осындай білім ордасының бар екенін Оқу ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова мақтанышпен айта алады деген сенімдеміз.

Ізгі тілек білдірушілер:
1972 жылы мектеп бітірген 10 «б» класс шәкірттері.

Уақыт деген жүйрік қой... 1972 жылы мектеп бітіргелі бері жар-ты ғасырдан астам уақыт өтсе де, сол бір балдәурен шақтың әр сәті әлі күнге жадымызда жаңғырып тұрады. Адам есейген сайын өткен күндерге жиі оралады екен. Әсіресе, балалық пен жастықтың ізі қалған мектеп жылдары жүректің ең бір аяулы төрінен орын алады.

Біздің алтын ұямыз – Алматы қаласындағы сол кездегі Ленин даңғылының бойында орналасқан №2 қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін тереңдетіп оқытатын эксперименталдық мектеп-интернаты еді. Алатаудың баурайындағы табиғаты тамылжыған сол мекен біз үшін білім ордасы болуымен қатар, үлкен өмірге қанат қақтырған қасиетті шаңырақ болды.

Ол кезде Алматы бала түгілі үлкендерге арман қала. Алманың жұпар иісі, сонау Медеуден сылдырап аққан мөлдір булақтар, арықпен жарыса аққан су, шығысында гүрілдеп Үлкен Алматы өзені – бәрі де көңілде жатталып қалған ғажайып көріністер. Бақшаның бәрі жеміс. Көктембе тақалып тұр. Баурайы алма мен аюортқа толы. Горный гигант совхозының жай-қалған алма ағаштары сол бір дәуреннің көркем суретіндей еді.

Мектепке Қазақстанның әр түкпірінен келген

Достық үйінде Алматы қалалық мәслихаты мен қалалық қоғамдық кеңесінің бірлескен отырысы өтті. Кезекті кеңейтілген отырыста «Алматы қаласында туризмді дамыту» тақырыбы талқыланды.

Тау туризмі
талқыланды

Отырыстың спикері мәслихат төрағасы Мейіржан Отыншиев қала әкімінің орынбасары Олжас Смағұловқа және бірқатар депутаттарға сөз берді. Спикерлер Алматыда тау туризмін (Шымбұлақ, Ойқарағай, Көкжайлау, т.б.) дамыту бағытын сөз етті.

Қала әкімінің орынбасары бүгінгі таңда туризм саласына сұраныстың артып отырғанын, осыған орай қаланың туристік әлеуетін арттыру, соның ішінде тау туризмін дамыту керектігіне тоқталды. Ол сөзінде Орталық Азиядағы туризм саласында бәсекелестіктің жылдан-жылға артып келе жатқанына да қосымшалады.

Оңтүстік астанаға келуші туристерді тауда демалуға тартсақ, мегаполис бюджетінің бүйірі томпаятыны белгілі. Мегаполисте жер тапшылығына байланысты Алматыда тау кластерін дамыту қажет-ақ. Осыған орай жиында тау туризміне қатысты Almaty superski жобасы таныстырылды. Жоба бойынша жыл бойы таулы экожүйесі жұмыс істеу керек. Жаңа аспалы жолдар, демалыс орындары мен тау жолдары салынып, тау курорттарын бірдей аралау мүмкіндігі туады.

Жоба іске асқан жағдайда он мың жұмыс орны ашылып, мегаполис бюджетіне жылына 300 млрд. түсім түсуі тиіс. Осы тұрғыда Алматы экологиясының жағдайы қалай болады деген сұрақ туындауы мүмкін. Баяндамашылар бұл тұрғыдан қазақстандық ғылыми институттармен, экологтармен, табиғат қорғаушы ұйымдармен тығыз байланыста екенін айтты. Жобаны іске асыру барысында жұмысқа қазақстандық мердігерлерді тарту керектігі де айтылды.

Отырысқа қатысушылар тарапынан Алматы туризміне салынатын инвестиция, қарапайым алматылықтардың тау курорттарында демалуы жайында сұрақтар қойды. Қалалық мәслихат пен қоғамдық кеңес мүшелері тақырыпты жан-жақты талқылады.

Нұрлан СҮЙІН.

«Ғылымды қазақша сөйлеткіміз келеді»

Алматыда салынып жатқан Балалар ғылым музейі (ACSM) халықаралық деңгейде мойындалып, БҰҰ-ның Жаһандық келісіміне (UN Global Compact) қосылды. Сонымен қатар, жоба ғылыми-ағартушылық бағыттағы жетекші халықаралық ұйымдар – ECSITE және ASPAC желілерінің мүшесі атанды. Осылайша Қазақстандағы болашақ балалар музейі әлемдік ғылыми орталықтар қауымдастығына енді.



Дастан
ҚАСТАЙ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылғы наурызда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ғылыми қауымдастықпен кездесу барысында ғылым мен инновацияны дамытудың маңызын ерекше атап өткен болатын. Президент өз сөзінде тиімді ғылыми орта қалыптастырып, ғылымды өндіріспен жақындастыру қажеттігін айтты. Сонымен қатар, алгоритмдер мен күрделі инженерлік шешімдер ең алдымен дамыған ғылыми және университеттік ортада пайда болатынын атап өтті. ACSM жобасы дәл осындай ортаны балалар арасында ерте жастан қалыптастыруды мақсат етеді. Музей қызметі БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарының бірнеше бағытына сәйкес келеді. Оның ішінде сапалы білім беру, инновацияны дамыту, тұрақты қалалық орта қалыптастыру және халықаралық серіктестікті нығайту бағыттары қамтылған.

Жоба авторларының айтуынша, музейдің басты мақсаты – балалардың ғылымға қызығушылығын арттырып, жаңа буын зерттеушілер мен инженерлерді тәрбиелеу. Алматы Балалар ғылым музейінің білім беру бағдарламаларын құрастырушы Жазира Жәндербектің сөзінше, мұнда балалар ғылымды теориямен ғана емес, тәжірибе арқылы меңгереді. Оның айтуынша, Science Hub орталығында биотехнология, ДНК, физика және жасанды интеллект бағытындағы зертханалар жұмыс істейді. Сонымен қатар, музейдегі «Жібек жолындағы ғылым» экспозициясы арқылы Ұлы даланың ғылым мен инновация тарихындағы рөлі интерактивті форматта таныстырылады.

Science Hub орталығының ғылыми-ағартушысы Гүлдана Мәмбетованың айтуынша, музейдің ерекшелігі – ғылымды ұлттық тарихпен ұштастыра түсіндіруінде. «Жібек



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

жолындағы ғылым» бөлімінде киіздің жылу сақтау қасиеті, аэродинамика, конвекция секілді физикалық құбылыстар тәжірибе арқылы көрсетіледі. Сондай-ақ, музей ұжымы ғылымды қазақ тілінде түсіндіруге ерекше мән беріп отыр. Оның пікірінше, бала ғылыми ұғымдарды өз ана тілінде меңгерген кезде ғылыми ойлау жүйесі де тиімді қалыптасады.

– Біз ғылымды қазақ тілінде сөйлеткіміз келеді. Экспозиция атауларынан бастап барлық бағдарламаларды қазақша бейімдеп жатырмыз. Себебі, бала ғылымды өз тілінде түсінген кезде ғана ғылыми ойлау жүйесі қалыптасады. Ғылыми терминдер мен ұғымдарды қазақша жеткізуге ерекше мән береміз, – деді Гүлдана Абайқызы.

Еске салса кетелік, Алматы Балалар ғылым музейі Қазақ-стан Республикасы Президентінің тапсырмасы аясында Ғылым жылы шеңберінде жүзеге асырылып жатқан Орталық Азиядағы алғашқы халықаралық деңгейдегі балалар ғылым музейі саналады. Жоба Science Centre Singapore және Kingsmen Exhibits серіктестігімен іске асырылып жатыр. Музей STEM және AI-білім беру платформасы ретінде құрылып келеді. Онда интерактивті экспозициялар, Science Hub зертханалары және 1,5 жастан бастап балаларға арналған білім беру бағдарламалары қарастырылған. Жалпы аумағы шамамен, 27 мың шаршы метр болатын нысан жылына 560 мыңнан астам келушіні қабылдай алады деп жоспарланған. Музейдің ашылуы 2026 жылға белгіленген.



ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 20 мамырдағы
№2/195-672 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 13 желтоқсандағы №34.1-34/1223-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Тілендиев көшесін узарту үшін, Есенжол Амангелдиевич Болатбековтың, Калдықұл Кулмахановна Кутымбетованың, Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Дархан» шағынауданы, Тайқазан көшесі, 8/1 мекенжайы бойынша орналасқан, кадастрлық нөмірі 20-321-008-689, ауданы 0,0436 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.

3. Меншік иесі жүргізілетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 602-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.

6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскесінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі **Д.САТЫБАЛДЫ.**

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 20 мамырдағы
№2/195-673 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 6 сәуірдегі №34.1-34.03/527-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жол салу үшін Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Мәдениет» шағынауданында орналасқан 9 (тоғыз) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүргізілетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 602-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.

6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі **Д.САТЫБАЛДЫ.**

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 20 мамырдағы
№2/195-673 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесі меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Акумураева Акмарал Пасанбековна, Оңғарбаев Талғат Арапбекұлы	20-321-072-2236	«Мәдениет» шағынауданы, 844/1	жалпы - 0,6370, иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0432
2	Сарсенов Жомарт Болатұлы, Абидулаева Инабат Абидулақызы	20-321-072-1022	«Мәдениет» шағын ауданы, 237	жалпы - 0,4000, иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0526
3	Машанло Мадинчын Шакирджанович	20-321-072-2449	«Көк-Өзек» тұтыну кооперативі, 702	жалпы - 0,0738, иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0046
4	Кравченко Виолетта Васильевна	20-321-072-1026	«Көк-Өзек» тұтыну кооперативі, 702/1, 1 корпус	жалпы - 0,1852, үлесі - 0,0794 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0082
5	Лугма Махмуд	20-321-072-1629	«Көк-Өзек» тұтыну кооперативі, 702/2	жалпы - 0,3000, иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0056
6	Маву Зульфия Каримовна	20-321-072-1584	«Мәдениет» шағынауданы, 327	жалпы - 0,4954, иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0236
7	Хван Александр Романович	20-321-072-1153	«Мәдениет» шағынауданы», Бөгенбай батыр көшесі, 29	жалпы - 0,0548, иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0048
8	Хван Александр Романович	20-321-072-1129	«Мәдениет» шағынауданы, Бөгенбай батыр көшесі, 2	жалпы - 0,0800, иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0091
9	Джумаев Есар, Ихазова Халида Юсуповна, Люмазов Арли Ильясевич, Люмазов Исмар Сулейменович, Люмазов Пакерден Идрисович, Люмазов Сулеймен Идрисович, Люмазова Алия Абдухамитовна, Люмазова Асия Ламзаровна, Люмазов Рахи Идрисович, Люмазова Амина Мухамедовна, Люмазова Зора Идрисовна, Машанло Аюб Шимарович, Маянов Зуане Хияевич, Маянов Омар Хияевич, Маянов Харки Хиянович, Саурамбаева Нурия Ибрагимовна, Сушанло Ащиян Исхаровна Хакимова Жамия Исмаиловна, Хасанов Мурат Ушурович, Хошанло Мухаммед Маджитович, Хурова Ащиян Двумазовна, Шафузов Хамит Махмутович, Шинчир Рашид Джумарович, Шинчир Шакир Исхарович, Юлин Мубарек Джамарович, Машанло Рахим	20-321-072-2311	«Мәдениет» шағынауданы, 317	жалпы - 0,4495, иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0675

«Алматы қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» КММ (бұдан әрі – Басқарма) басқарманың шаруашылық жүргізу құқығындағы мынадай коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың Байқау кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды іріктеу жөніндегі конкурс өткізілетіні туралы хабарлайды, конкурс өткізілетін орын: 050001, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Республика алаңы, 4.

№ р/с	Медициналық ұйымдар атауы	Заңды мекенжайы/ Орналасқан жері
1	Алматы қ., ҚДСБ ШЖҚ «№5 қалалық емхана» КМК	050026, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Мақтаев көшесі, 141/77 үй
2	Алматы қ., ҚДСБ ШЖҚ «№13 қалалық емхана» КМК	050037, Алматы қ., Түркісіб ауданы, Сейфуллин даңғылы, 97/32 үй
3	Алматы қ., ҚДСБ ШЖҚ «№27 қалалық емхана» КМК	050063, Алматы қ., Наурызбай ауданы, «Ақжар» ш/а., Дәулеткерей көшесі, 140
4	Алматы қ., ҚДСБ ШЖҚ «№36 қалалық емхана» КМК	050006, Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, «Шұғыла» шағынауданы, 340 А.
5	Алматы қ., ҚДСБ ШЖҚ «№4 қалалық аурухана» КМК	050054, Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Папанин көшесі, 220
6	Алматы қ., ҚДСБ ШЖҚ «№2 қалалық перинаталдық орталығы» КМК	050002, Алматы, қаласы, Медеу ауданы, Жангелдин көшесі, 28/20 үй
7	Алматы қ., ҚДСБ ШЖҚ «№1 Қалалық перзентхана» КМК	050012, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Сейфуллин даңғылы, 492-үй
8	Алматы қ., ҚДСБ ШЖҚ «№4 Қалалық перзентхана» КМК	050011, Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Станкевич көшесі, 6/3 үй
9	Алматы қ., ҚДСБ ШЖҚ «№5 Қалалық перзентхана» КМК	050062, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Қабдолов көшесі, 28-үй
10	Алматы қ., ҚДСБ ШЖҚ «Қалалық балалар оңалту орталығы» КМК	050031, Алматы қ., Әуезов ауданы, «Ақсай-2» ш/а., 41 А үй
11	Алматы қ., ҚДСБ ШЖҚ «Құлагер» Бастапқы медицина-санитарлы көмек көрсету орталығы» КМК	050066, Алматы қ., Жетісу ауданы, «Құлагер» ш/а., 34 А үй
12	Алматы қ., ҚДСБ ШЖҚ «Қалалық патологоанатомиялық бюро» КМК	050053, Алматы қ. Алатау ауданы, «Алғабас» ш/а., 7-ші көше, 131-үй

Ұйымдардың негізгі қызметі – медициналық қызмет.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңестеріне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімнің, сондай-ақ мынадай талаптардың біреуінің болуын қамтиды:

1) денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық бейіні бойынша кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

2) денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның бейіні және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) басшы лауазымдағы құқық бойынша кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктерге мүшелік етуін қамтиды.

Байқау кеңестің мүшесі ретінде:

1) өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;

2) осы заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам заңды тұлғаның басшысы болған;

3) бұған дейін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;

4) байқаушы кеңестің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорынның басшысымен жақын туыстық сипаттағы қатынастағы тұлға сайланбайды.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адамдар үшін конкурсқа қатысу туралы өтініштерді беру мерзімі конкурс өткізу бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап отыз күнтізбелік күн өткеннен кейін аяқталады.

Конкурсқа қатысу туралы өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесі:

1) конкурсқа қатысу туралы еркін нысандағы өтініш;

2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;

3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;

4) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) жоғары білім туралы құжаттың көшірмесі;

6) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылықтың және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жоқтығын растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсыныстар) ұсына алады.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардың құжаттарын қабылдау күні конкурс өткізу туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап мына мекенжай бойынша анықталады: 050001, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Республика алаңы, 4.

Тел.: +7 707 247 16 06.

Конкурстың басталу күні (құжаттарды қабылдау) – 2026 жылғы 22 мамыр.

Конкурстың аяқталу күні (құжаттарды қабылдауды аяқтау) – 2026 жылғы 22 маусым.

Конверттерді ашу күні мен уақыты – 2026 жылғы 22 маусым.

Республикалық акция

Әуезов ауданы Полиция басқармасы 2026 жылғы 18 мамыр мен 8 маусым аралығында «Отбасындағы зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» республикалық акциясы өткізілетіні туралы хабарлайды. Ішкі істер министрі Мемлекет басшысының «Заң мен тәртіп» қағидатын іске асыру мақсатында 2026 жылды «Қауіпсіз балалық шақ кепілдігі жылы» деп жариялады.

Акцияның мақсаты – отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа мүлдем төзбеушілік көзқарасын қалыптастыру, полицияның имиджін арттыру және ведомствоаралық өзара іс-қимылды кеңейту, сондай-ақ қоғамның назарын отбасылық зорлық-зомбылық мәселесіне аудару, өзара құрмет қағидаттарын насихаттау, отбасындағы өзара көмекті дамыту және ішкі істер органдарына деген қоғамдық сенімді нығайту. Акция аясында ерекше назар отбасылық зорлық-зомбылықтың куәгері болып табылатын балаларды қорғау мен қолдауға бөлінеді, өйткені олар ең осал санатқа жатады, дер кезінде көмекке, ведомствоаралық сүйемелдеуге және мемлекет тарапынан тиімді әрекет ету тетіктеріне аса мұқтаж.

Бұл тек зорлық-зомбылық фактілерінің алдын алу ғана емес, сонымен қатар балалардың өмірі мен денсаулығына ауыр зардаптардың жолын кесу, олар үшін қауіпсіз орта қалыптастыру және ересектер мен мемлекеттік институттарға деген сенімді қалпына келтіру туралы. Аталған жұмыстың өзектілігі қайғылы жағдайлармен дәлелденеді, онда балалар өз аналарына қорған болуға тырысып, өздері агрессивті құрбанына айналады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
тел.: 248-64-04.

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 248-60-08.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира САЙДАХМЕДОВА

Бас редактор – **Есхат БОЖАН**

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Саясат және экономика бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 248-49-55. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел.: тел.: 248-49-55. E-mail:
8 707 948 73 78

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00–ден 18.00–ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.

E-mail:
alatauaqparat@gmail.com

Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.

Шевченко көшесі, 100.

Газет аптасына 2 рет, сөйсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 10 360 дана (жұма)

Кезекші редактор – Аяжан ҚУАНЫШОВА

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № КЗ17VPY00085956 күәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты.

Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В.

Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00

Осеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



Алматы тағы бір ерекше сәттің куәсі болды. Қазақстан-Британ университетінің алдындағы алаңда 45 жұптан құралған 90 жас түлек әсем ырғақпен дөңгелене би билеп, қала тұрғындарына көтеріңкі көңіл күй мен ұмытылмас әсер сыйлады. Алаң төрін көркем қимыл мен жастық жалынға бөлеген бозбалалар мен бойжеткендер «Тартуымыз саған, Алматы!» атты композицияны орындап, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ

Түлектер тартуы

Флешмоб форматында өткен бұл ерекше би қойылымы түлектердің Алматы ауданының 90 жылдық мерейтойына деген тартуы. Әсем әуен ырғағымен жұптаса билеген жастардың қимылдары да ерекше. Жарасымды күлкілері де жастыққа ғана тән. Билеп жүрген жұптардың барлығы да Алматы ауданы мектептерінің 11-сынып оқушылары.

Сәтін салса, олар биыл мектепті аяқтағалы отыр. Түлектер аудандарына ерекше сый жасағанды жөн көріп,

ол шешімді №62 гимназияның «Наргиз» хореографиялық ансамблінің жетекшісі Михриниса Ибрагимова да қолдай кетіпті. Мектеп түлектерінің айтуынша, олар вальсті бір айдан астам уақыт үйренген. Қосымша дайындыққа да аз уақыт кетпеген көрінеді.

– Бұрын қимыл-қозғалысымнан ұялып, билемеуші едім. Екі айдың ішінде нағыз биші боп шықтым. Қазір әбден төселіп алдым, – дейді мектеп түлегі Самат Айдарбекұлы.

Рая
ЕСКЕНДІР

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ

Патриотизмге үндейтін әуен

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі патриоттық тақырыпта ауқымды концерт ұйымдастырды.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Кеш бағдарламасында ерлік пен батырлықты, Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілікті жырлайтын туындылар, сондай-ақ қазақ музыка классикасының үздік әуендері орындалды. Кеш «Шаттық Отаны» атты әйгілі күймен ашылды. Бұл шығарманы 1952 жылы композитор Сыдық Мұхамеджанов арнайы осы оркестр үшін жазған болатын.

«Бұл туынды патриотизмді дәріптейді және елдегі бейбітшілік пен келісімді сақтаудың маңыздылығын насихаттайды», – деді оркестрдің бас дирижері, «Құрмет» орденінің иегері Абылай Тілепберген.

Сондай-ақ, бұл кеште дирижерлік тізгінді Жексен Айсын мен Нарын Қажығали сынды өнер майталмандары да кезектесе ұстады. Мерекелік кеште оркестрмен бірге солистер де өнер көрсетті. Ұзақ үзілістен кейін концертке Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 4-курс студенті Жайна Бауыржанқызы да қатысты. Сонымен қатар, IL-Santo квартеті мен Ақылбек Бектасов өнер көрсетті.

Гүлдер әлемі

Белсенді зейнеткерлердің хоббиі

Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорталық музейінде Алматы қаласының «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығына барып жүрген зейнеткерлердің шығармашылығына арналған «Гүлдер әлемі» көрмесі ашылды.



Сурет авторы

Көрменің мақсаты – шығармашылықтың жасқа шектеу қоймайтынын және кез келген жастағы адамдар үшін шабыттың, өзін-өзі танытудың әрі арт-терапияның кезі бола алатынын көрсету. «Гүлдер әлемі» көрмесіне 51 аға буын әуесқой суретшінің акварель, акрил, гуашь және майлы бояу техникасында орындалған 120-дан астам жұмысы қойылған. Көркемдік бағыты – абстракция, авангард және реалистік бейнелеу. Әр картинадан гүлдердің әдемілігі, оның адаммен, табиғатпен үндестігі байқалады.

Иә, зейнетке шыққан кезде бос отырмау үшін сурет салуды хоббиіне айналдырған алматылық зейнеткерлер аз емес ортамызда. Олар белгілі суретші-график, акварельші Марлан Нысанбаевтың жетекшілігімен шығармашылықпен айналысады. Алматы қаласы «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының қатысушылары мұндай сабақтардың өздеріне қанағат сезімін сыйлайтынын, психологиялық саулықты қолдайтынын және өмірді жарқын ете түсетінін айтып жүр. «Гүлдер әлемі» – «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының республикалық Ұлттық орталық музейдегі екінші көрмесі.

Нұржамал ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ.